



БАЛАБАҚШАЛАР ЛИЦЕНЗИЯЛАНАДЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖОЛ АПАТЫ – ЖАУАПСЫЗДЫҚТАН

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



КЕҢЕС ӨКІМЕТІНЕ СЕНБЕГЕН

7-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Екі мыңыншы жылдары бала саны күрт көбейгені белгілі. Келесі жылдан бастап сол кезеңде дүниеге келген ұрпақ еңбек нарығына шыға бастайды. Осыны ескерген жөн. Сондықтан жұртты жұмыспен қамту ісіне қатысты тың тәсілдер қолдану қажет. Ал азаматтарымыз қазіргі замандағы халықаралық нарық үрдісіне бейімделуі керек.

№88
(4366)

Бейсенбі
28 шілде
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ӘР БАЛАҒА – 12 720 ТЕҢГЕ

Жыл басынан бері елімізде көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақымен орташа есеппен 501,5 мың отбасы қамтылған.

Атап айтқанда, маусым айында 516,7 мың отбасына 31,6 млрд теңге жәрдемақы төленген. Бұл мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент баласы бар отбасылар, табысына қарамастан, үміткер бола алады. Төлем мөлшері бала санына қарай есептеліп, төленеді.

Көпбалалы отбасылардағы 4 балаға – 50975 теңге, 5 балаға – 63727 теңге, 6 балаға – 76479 теңге, 7 балаға – 89231 теңге, 8 балаға – 101760 теңге, 9 балаға – 114480 теңге, 10 балаға – 127200 теңге, 11 балаға – 139920 теңге, 12 балаға – 152640 теңге, 13 балаға – 165360 теңге, 14 балаға – 178080 теңге, 15 балаға – 190800 теңге, 16 балаға – 203520 теңге немесе әр балаға 12720 теңге төленеді.

BUS LANE ҚАЙТА ҚОСЫЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы мәлім еткеніндей, кеше түстен кейін М-1 көпіріндегі жол төсемінің жөндеу жұмысының аяқталуына байланысты Тұран даңғылы мен Қабанбай батыр көшесі бойындағы Bus Lane қайта іске қосылды.



ҚАЛА КӨРКІ – ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР

Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстың бірегейі «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жобасы болып келеді. Осы жобаның аясында қаланы абаттандыруға үлкен маңыз беріліп келеді. Соның бір айғағы – елорда тұрғындарының игілігіне беріліп жатқан қоғамдық кеңістіктер.

3

БІЛІМ ГРАНТТАРЫН ҰСЫНАДЫ

«Қазақстан халқына» қоры білім гранттары бағдарламасына қатысатын жоғары оқу орындарының тізімін жариялады.

Аталған қайырымдылық бағдарламасына жоғары білім бағдарламаларын іске асыратын 75 білім беру ұйымы мен білім беру саласындағы 2 қайырымдылық ұйым қатысады.

Жоғары білім беру ұйымдары өткізетін конкурстардың қорытындылары бойынша білім гранттары мен шәкіртақыларды беру үшін бағдарлама қатысушыларын іріктеу критерийлері белгіленді.

ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша ЖОО-ға түсу үшін қажетті өту балына жинаған талапкерлер:

– ауылдық жерлердегі аз қамтылған отбасылардан шыққан тұлғалар;

– жетім қалған және кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған тұлғалар;



– мүмкіндігі шектеулі, оның ішінде мүгедектігі бар тұлғалар. Бакалавриат бағдарламалары бойынша күндізгі бөлімде оқитын студенттерден:

– мүмкіндігі шектеулі жандар;
– жетім қалған және кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған тұлғалар;
– ауылдық жерлердегі аз қамтылған отбасылардан шыққан тұлғалар;

– мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған толық емес отбасылардан шыққан тұлғалар;
– ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүмкіндігі шектеулі жандар.

2022-2023 оқу жылына арналған «Қазақстан халқына» ҚҚ білім гранттары» қайырымдылық бағдарламасына қатысатын 75 ЖОО мен студенттер өтінім бере алатын қайырымдылық ұйымдардың тізімін қордың ресми сайтынан көруге болады.



ELORDA.INFO САУАЛНАМАСЫ



ЕЛОРДАДАҒЫ ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР МЕН КӨКӨНІСТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ БАҒАСЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚОЛЖЕТІМДІ?

- Қолжетімді емес, баға үнемі өсуде
- Қымбат болса да, сатып алуға тура келеді
- Бағасын қалтамыз көтереді
- Өз жауап нұсқаңыз (комментарий)

elordainfo

Elorda.info ақпараттық порталы апта сайын өзекті тақырыпқа елеуметтік сауалнама жүргізеді, оған QR-код арқылы дауыс беріңіз. Сауалнама нәтижелері сенбілік нөмірде жарияланады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487.2 \$ USD/KZT 475.92 ₸ RUB/KZT 8.2 ¥ CNY/KZT 70.57

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЫҒАЯДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге келген Грузияның Премьер-министрі Ираклий Гарибашвилиді қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Ираклий Гарибашвилиге ілтисат білдіре отырып, екіжақты ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын, сондай-ақ бірлескен күш-жігерді жұмылдырудың маңызды екенін атап өтті.

«Сіздің сапарыңыз табысты болады деп үміттенемін. Сапарыңыздың бағдарламасы өте тығыз екенін, Қазақстан мен Грузия арасындағы ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беретін бірқатар кездесу жоспарланғанын білемін. Бізді достық және көпжақты ынтымақтастықтың берік арқауы байланыстыратынын айтқым келеді. Біздің міндетіміз – осы достық қарым-қатынастарды жалғастыру және одан әрі дамыту» деді Президент.

Кездесу барысында Қазақстан мен Грузия арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар көлік-логистикалық іс-қимылдарға да ерекше назар аударылды. Көршілес Қытайға тікелей шығатын мүмкіндігі бар болғандықтан, Қазақстан өз нарығын Орталық Азияға ашылатын қақпа ретінде қарастыруды ұсынады. Мемлекеттер аймақ елдері арасындағы байланыстарды нығайту үшін зор маңызы бар Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша серіктес саналады.

Ираклий Гарибашвили кездесуге мүмкіндік бергені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, өз елінің ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін тағы да нақтылады.

«Біздің достық және көпжақты ынтымақтастығымыз жақсы дамып келеді. Мен маңызды мәселемен келдім. Екіжақты қатынастарды дамытуға, барлық сала бойынша байланыстарды кеңейтуге мүдделіміз. Елдеріміз арасындағы тауар айналымы ұлғайып келеді. Бірінші жартыжылдықта бұл бағыттағы көрсеткіш 150 пайызға өсті. Әрине, байланыстарды кеңейту үшін әлеуетіміз мол. Біз өзара қарым-қатынастарды, ынтымақтастықты және достықты бағалаймыз» деді Грузия Премьер-министрі.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Грузия Президенті Саломе Зурабишвилиге сәлемін жолдады.

«ОМИКРОН» АСҚЫНЫП ТҰР

Бүгінде коронавирустың «омикрон» штамы әлемдегі негізгі вирусқа айналып тұр. Оның таралу үлесі зерттелген үлгілердің 95 пайызын алады.

ДДҰ дерегі бойынша соңғы аптада әлемнің 92 елінде дерт күшейген. Соның ішінде коронавирус деңгейі Эстонияда – 115, Жапонияда – 70, Польшада – 63, Ресейде – 49 және Қытайда 36 пайызға жетті. Қазақстанда да соңғы аптада коронавирус инфекциясын жұқтыру 1,9 есе көбейді.

ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі, бас мемлекеттік санитарлық дәрігер Айжан Есмағамбетованың айтуынша, ауру көбейсе де, науқастарды ауруханаға жатқызу деңгейі төмен. Бүгінде осы ауру бойынша стационарлық көмек 180 инфекциялық ауруханада көрсетілсе, соның 30 пайызында науқастар жатыр.

– Биыл 20 маусымнан бастап елімізде коронавирус инфекция-

сына шалдығатындар көбейді. Соңғы аптада алдыңғы аптамен салыстырғанда коронавирустың таралуы 8156 жағдайдан 15503 жағдайға дейін өсті. Тәулігіне коронавирустың расталу көрсеткіші 2700 жағдайға жетіп отыр. Наурыз айынан бастап өлім-жітімнің бірлі-жарым жағдайы тіркелсе, шілде айында аталған дертпен ауырған 3 науқас қайтыс болды, – деді А.Есмағамбетова.

Сондай-ақ бас мемлекеттік санитарлық дәрігер стационарда емделіп жатқан пациенттерге талдау жүргізілгенін айтты. Соның нәтижесі бойынша коронавирспен ауырып стационарда емделіп жатқан пациенттердің 36,3 пайызы – 18 жасқа дейінгі балалар, ал 63,7 пайызы ересектер екені анықталды.

Қазір елімізде коронавирусқа қарсы QazVac, Sinopharm және Pfizer вакциналарының 1,5 млн дозасы бар. Оның ішінде QazVac вакцинасының 180 мыңға жуық дозасы, Sinopharm екепінің 1,2 млн-нан астам дозасы және 55 мыңға жуық Pfizer вакцинасы тұр. Вакцинация және ревакцинация үшін QazVac пен Sinopharm екепінен таңдауға болады. Ал Pfizer бұған дейін бірінші компонентті алған азаматтарға салынады. Оларға жасөспірімдер, жүкті және емізулі баласы бар әйелдер жатады. Қазақстан қосымша 300 мың доза Pfizer вакцинасын сатып алуға өтіншіс беріп, аталған компаниямен келіссөз жүргізілуде. Pfizer, әдеттегідей, жасөспірімдер, жүкті және емізулі баласы бар әйелдерге егіледі. Басқа санаттағы азаматтар QazVac және Sinopharm вакцинасын салдыра алады.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Әлемде әрбір бесінші бүлдіршін аштықтан көз жұмады.

Дүние жүзінде жасы әлі беске толмаған әрбір бесінші бүлдіршін аштықтан көз жұмады. Бұл жантүршігерлік мәліметті ЮНИСЕФ өкілдері жария етті. Өсіресе Йемен мен Африка елдеріндегі ахуал күрделі. Бұған климаттың өзгеруі себеп. Салдарынан егін бүлініп, мал қырылып жатыр. Ол аздай, қымбатшылық та қыспаққа алды, осыған байланысты азық-түлік бағасы айтарлықтай өскен.



Жапонияда маймыл шешегін жұқтырған алғашқы науқас тіркелді.

Науқас жуырда Еуропадан келген екен. Қазір ол ауруханада жатыр. Елдің Денсаулық сақтау министрлігі маймыл шешегін анықтайтын тест пен ауруға қарсы дәрі және вакцинаны шұғыл дайындау керек деген бұйрық берді. Дәрігерлердің айтуынша, бұрын шешек ауруына қарсы қолданылған еке әзірге маймыл шешегіне қарсы да пайдаланылады.



Францияда сауда орындары жұмыс уақытын қысқартады.

Бұған аймақтағы энергетикалық дағдарыс себеп. Соңғы кездері елдің электр жабдықтауында іркіліс жиі байқала бастады. Енді кей дүкендерде, әдеттегідей, тоқпен көрсетілген жарнамалар болмайды. Сонымен қатар жарықтандыруға кететін шығын да азаймақ.

Жуырда жергілікті билік барлық тұрғындарды электр қуатын үнемдеуге атсалысуға шақырған еді.

КӨКӨНІС КӨП, ҚАНТ ЖОҚ

Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов пен Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев Орталық коммуникациялар қызметі алаңында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау барысы туралы брифинг өткізді.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Екеуі де Президенттің өздеріне сөгіс жариялауы орынды болғанын мойындады.

«Айтылған сын өте дұрыс. Қазір сол тұрғыда жұмыс істеп жатырмыз. Қызметіміздің тиімділігін арттыру жөнінде міндет қойылды. Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге шараларды пысықтадық. Оның нәтижесін сіздерге де, Мемлекет басшысына да баяндап отырамыз» деді Бақыт Сұлтанов.

«Мемлекет басшысы әділ сын айтты. Жұмысымызда олқылықтар болғанын білеміз. Баяндамада қант нарығындағы дүрбелеңге объективті де, субъективті де факторлар әсер еткенін айттым. Қазір ахуалды түзетіп, жұмысымыздың тиімділігін арттыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасап жатырмыз» деп Ербол Қарашөкеев те Президент сынынан сабақ алғанын айтты.

ДЕЛДАЛДАР САНЫ АЗАЯДЫ

Үкімет алдағы уақытта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және Президенттің Үкімет отырысындағы тапсырмаларын орындау үшін дағдарысқа қарсы іс-шаралар бағдарламасын қабылдап, инфляцияны төмендетуге қарқын берді. Үкімет бағаларды тұрақтандыру үшін алдағы уақытта не істейді? Біріншіден, жыл соңына дейін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімдерін ірі сауда желілеріне өткізуді қолдауға бағытталған заңнамалық бастамаларды ұсынады. Сөрелерге қолжетімділікті қамтамасыз ету, үстемеақылар шегін реттеу және делдалдар санын азайту жөніндегі шаралар қабылданады. «Qdata» сауда бойынша талдау платформасы ішкі сауданың жай-күйін, инфрақұрылым жүктемесін, импорт/экспорт динамикасын, тауарлар мен қызметтер бағасының өзгеруіне талдау және мониторинг жасап, мемлекеттік органдарды сапалы сараптамамен қамтамасыз етіп отырады. Сондай-ақ бизнес үшін әділ бәсекелестікті қалыптастырады. Ал тұтынушыға қолжетімді бағамен сапалы тауарларды сатып алуға мүмкіндік туады. Осы платформа арқылы Үкіметте өңірлер бойынша тауар қоры, өндіру және тұтыну көлемі туралы бірыңғай ақпарат көзі пайда болды.

КАРТОП ПЕН ПИЯЗ АРЗАНДАДЫ МА?

Бір таңғаларлығы, биыл, өнімдердің молдығына және ішкі нарықта тапшылықтың болмауына қарамастан, көкөністер мен қанттың бағасы күрт өсіп

кетті. Бірақ Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев картоп пен пияздың құны арзандады деп өз уәжін келтірді. Ол әкімдіктердің берген ақпараты бойынша бүгінде картоп қоры да жеткілікті дейді. Маусым айынан бастап ерте пісетін картопты жинау басталды. Оның көлемі бүгінде 270 мың тоннаны құрайды. Тамыздың бірінші жартысында 7,8 мың тонна жинау жоспарланған. Ерте пісетін картоп өнімінің жиналуы ішкі нарықты молықтыруға және картоп бағасының тұрақтануына ықпал етті. Министр шілденің басынан бері картоптың бағасы 5 пайызға (184 тт/кг-нан 179 тт/кг-ға дейін) төмендегенін мысалға келтірді.

«Картоп бойынша ішкі нарықтың айлық қажеттілігі 153 мың тоннаны құрайды. Қыркүйекте күзгі картопты жинау басталады, оның көлемі 4 млн тоннадан асады. Бұл ішкі нарықтың қажеттілігін толық қамтамасыз етеді және белгілі бір көлемді экспортқа жөнелуге мүмкіндік береді. Қырыққабат пен сәбіз бойынша да жағдай тұрақты. Яғни ерте пісетін қырыққабат пен сәбіз көлемі күзгі егін жинағанға дейін ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін жеткілікті. Сонымен қатар тамыздың соңғы онкүндігінен бастап көкөніс өнімдерінің күзгі өнімі нарыққа шығады деп күтілуде» деді Е.Қарашөкеев.

Көкөністердің ішінен пияздың бағасы тез өскені мәлім. Қазір базардағы пияздың бір келісінің құны – 230 теңге. Ал Ауыл шаруашылығы министрі пияздың бағасы 220-дан 110 теңгеге дейін арзандады деп айды аспанға бір-ақ шығарды. Оның айтуынша, ай сайынғы қажеттілік 26 мың тонна болса, бүгінде пияз қоры 35 мың тоннаны құрайды.

«Маусым айынан бастап ерте пісетін пияз жиналуда. Оның жалпы көлемі 90 мың тоннадан асады деп күтілуде, оның 35,2 мың тоннасы жиналды. Шілде айының соңына дейін және тамыздың бірінші жартысында 50 мың тоннадан астам пияз жинау жоспарланған. Соңғы уақытта пияз шығаруға шектеу шараларын енгізу мәселесі талқыланып жатыр, алайда министрлік бұл мәселені қолдамайды. Себебі ерте пісетін пияздың сақталу мерзімі өте қысқа. Сондықтан үш айдың ішінде 90 мың тонна пиязды Қазақстанда толықтай тұтыну мүмкін емес. Оның бұзылып, тұтынушыға жетпей қалу қаупі жоғары. Бұл мәселе ведомстваралық комиссияда шешіледі.

МИНИСТР ӘКІМДЕРДІ, ҮКІМЕТ АЛАЯҚТАРДЫ КІНӘЛАЙДЫ

Бақыт Сұлтанов соңғы бірнеше жыл бойы Қазақстанда тұтынылатын қанттың 570 мың

тоннасының басым бөлігі 400 мың тоннаға дейін Ресейден импортталатынын мойындады.

«Қант зауыттары отандық қызылшаның маусымаралық кезеңінде қант шикізатын іздеуге мәжбүр, ал бұл биржалық тауар, спот бағамен сағылады, келісімшарт жасалады, тәуекел бар. Көрші елдерден арзан қант келгенде, біздің зауыттардың жұмысына «кедергі» келтіреді, осындай сәтте зауыттар тоқтауға мәжбүр болады. Сондықтан соңғы бірнеше жылда тұтынылатын қанттың 570 мың тоннасының басым бөлігі 400 мың тоннаға дейін Ресейден импортталады» деп мәлімдеді ол.

Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің пайымдауынша, мәселе шешілуі үшін біз бірінші кезекте зауыттарды шикізатпен қамтамасыз етуіміз керек. Екінші жағынан, демпинг болмас үшін қанттан асады. Бұл ішкі нарықтың қажеттілігін толық қамтамасыз ету мәселесін Еуразиялық экономикалық одақ алаңында да, ішкі нарықта да қарастырып, нақты бір шешім қабылданғанда ғана іс оңға басады.

«Бұған қатысты Ауыл шаруашылығы министрлігінің нақты пайымы бар: субсидиялардың жалпы көлемі – шамамен 160 млрд теңге. Бұл фермерлердің жұмысына және зауыттар үшін кепілдендірілген сатуды қамтамасыз етуге әкеледі. Салаға шамамен 400 млрд теңге инвестиция салынады деп күтілуде. Жалпы біздің бірінші кезеңдегі міндетіміз – 2026 жылға қарай отандық қант өндірісін отандық шикізаттан 7 есеге дейін жеткізу» деп түсіндірді вице-премьер. Б.Сұлтановтың айтуынша, Қазақстан қант бойынша импортқа тәуелді. Қанттың жалпы тұтынудың 7 пайызы ғана отандық қызылшадан өндіріледі, қалған көлемі Ресей Федерациясынан, ТМД елдерінен және шикі қант түрінде, негізінен, Бразилиядан импортталады. Қант саласын дамыту үшін бірқатар бағдарламасы қабылданып, іске асырылғанына қарамастан, салалық ведомстволар ішкі қажеттілікті толық қамтамасыз ету үшін өндірісті ынталандыра алмады.

Министр Е.Қарашөкеев биылғы шілде мен тамыз айларында өзіміздің нарықты қантпен қамтамасыз етуге қанттың қоры жеткілікті екенін мәлім етті. Ал қыркүйекте ше? Тағы да дүкен сөрелерінен қант ұшты-күйлі жоғалады деген сөз.

«Өзім қант жемеймін» деген министр құмшекердің құны 595-600 теңге болуы қажет деген пікірін айтты. Ол қантты әділ бағамен сатпаудың салдарынан дүрбелең туындап, қантқа деген сұранысты шектен тыс арттырып жіберді деп әкімдіктерді кінәлады.

Ал бұған дейін Үкімет отырысында Премьер-министр Әлихан Смайылов қант бағасының өсуіне жекелеген алаяқ кәсіпкерлерді кінәлады.

ҚАЛА КӨРКІ – ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елордада құрылысы жүріп жатқан жаңа қоғамдық кеңістіктер туралы айтты.



Аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру бойынша ауқымды жұмыс жүріп жатыр. Мәселен, биыл Бараев көшесінде жаяу жүргіншілер жолы, Бейбітшілік және келісім сарайының жанында амфитеатр, қарасуы қалған Жерұйық-2 саябағындағы Достық

гүлзары (ҚХА мүшелерімен бірге), мұғалімдер саябағы ашылды, сол сияқты қалалық алаң, оң жағалауда баршаға белгілі «Встреча» ауданы және т. б. абаттандырылды.

Қоғамдық кеңістіктер елорданың көркін арттырып, қала тұрғындары

мен қонақтары үшін тартымды орынға айналды. Абаттандыру жұмысы барлық ауданда, оның ішінде елді мекендерде де жүріп жатыр. Елді мекендердің өзінде соңғы жылдары 311 аула мен қоғамдық кеңістік (саябақ, гүлзар, жележол) абаттандырылды. Қаламызда бас-аяғы 750-ден аса аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Абаттандыру жұмысы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында жүргізіліп жатыр.

Осыған дейін көпір астындағы кеңістіктер абаттандырылып, құтқарушылардың, медицина қызметкерлерінің құрметіне арналған арнайы тақырыптық алаңдар, көше спорттың қолizesейі, «Театральный» бульвары, «Demalys Promenade» демалыс күні көшесі және т. б. ашылды. Олардың бәрі қала тұрғындары мен қонақтарының уақытын тиімді өткізуіне, жаяу жүруіне арналған.

Қоғамдық кеңістіктер мен аулаларда әркім жанына жақын іспен айналыса алады: баскетбол/футбол алаңдары, workout аймағы, демалысты тыныш орында өткізуге арналған орындар, балаларға арналған алаңдар, әткеншектер, шығармашылық қойылымдарға арналған сахналар және т. б. орналасқан.

БЮДЖЕТТІК ӨТІНІМДЕР ҚАРАЛДЫ

Кеше Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатында қала әкімінің орынбасары Ерлан Бекмурзаев пен мәслихат хатшысы Ерлан Каналимовтың қатысуымен әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысы өтті.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Депутат Азамат Айтхожиннің төрағалығымен өткен отырыста әлеуметтік сала: білім беру, денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, тілдерді дамыту және архив ісі мәселелері бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері қаралды.

Нұр-Сұлтан қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев 2022 жылға осы салаға бөлінген қаражатқа қосымша қажеттілікке орай 10 млрд 353 млн теңгенің бөлігін, алдағы уақытта дене шынықтыру, спортты дамыту үшін тағы да 6,1 млрд теңге бөліну

қажеттігін алға тартты. Бұл мәселеде алдағы уақытта анықталатын жайттар болғандықтан, депутаттар мұны жұмыс процесі барысында тағы қарауды ұсынды.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов 2022 жылға қосымша сұралатын қаражат көлемі 4 млрд 518 млн теңге екенін айтты.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб пен Білім басқармасы басшысының орынбасары Нариман Еламановтың, Мәдениет басқармасы басшысының баяндамаларына қатысты мәслихат депутаттарының сауалы көп болды, жауап берілмеген кей сауалдарға Е.Каналимов алдағы уақытта анықтама беруді сұрады. Ол қаладағы 62 мемлекеттік маңызы бар ескерткіштерге

бейнебақылау камераларын орнату жөнінде мәселе қозғалды.

Баяндама жасаған мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлеріне мәслихат депутаттары мектептердегі жапсаржай салудағы кемшіліктерді түзету, балабақшалардағы тамақтануға қатысты, сондай-ақ мәдениет саласы бойынша қалада өткен іс-шараларға бөлінген қаржыландыруды мақсатты пайдалану мәселелері талқыланды.

Нұр-Сұлтан қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әйгерім Құлдыбаева «Елорда» сериясымен 50 кітап шығаруға 110 млн теңге қажеттігін жеткізді.

Мәслихат депутаттары мемлекеттік тіл саясатын жүргізуге жылына 400 млн теңге бөлінетінін, Мәдениет, Білім басқармаларымен, жастар ұйымдарымен бірлескен жобалар бар-жоғын, жұмыс жоспарын сұрап, ескерту жасады. Көшедегі жарнамаға қатысты сауал қойылды, басқарма қызметкері арнайы мониторинг жасалатынын, аударма тексерілетінін айтты.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР ЖАРЫСЫ

Елордадағы паралимпиадалық дайындық орталығында 30 шілде күні мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында қол күресінен елорда чемпионаты өтеді.

– Жарыс есту және тірек-қимыл аппараты зақымданған жандар арасында 2-санат бойынша ұйымдастырылады. Жас ерекшелігіне байланысты шектеу болмайды, әр адам өз бағын сынап алады. Жарыстың мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарды спортқа тарту, – дейді Дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз хатшысы Мәдина Айтқалиева.

Жарыста әйелдер және ерлер 6 салмақ дәрежесі бойынша күш сынасады. Ал осы жарыстың жеңімпаздары күзде Шымкент қаласында өтетін республикалық спартакиадаға жолдама алады.



Қытайда кейінгі 20 жылдағы ең жойқын құмды дауыл соқты.

Күшті жел елдің солтүстік-шығысындағы Цинхай провинциясын жайпап өтіп, шығысқа бет алды. Жел жылдамдығы секундына 15 метрге жетті. 200 метр қашықтықта түк көрінбей кетті. Көлік жүргізушілер сақтанатын жер таппай, машинада тығылуға мәжбүр болды.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша, табиғи құбылыс 15 минуттан ұзаққа созылмайтын. Бұл жолы құм дауылы 3 сағатқа жалғасты.



Италияның төрттен бірі шөлге айналуы мүмкін.

Қуаңшылық зардабын тартып отырған елдің бірі – Италия. Ел аумағының төрттен біріне шөлге айналу қаупі төніп тұр. Салдарынан ауыл шаруашылығы саласына 6 миллиард еуро шығын келуі мүмкін. Макарон өнімдерін жасау үшін қолданылатын бидай 30 пайызға қысқарады деген күдік бар. Биыл құрғақшылыққа байланысты Италияның 5 облысында төтенше жағдай жарияланды.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

Елордада әлеуметтік, мәдениет, спорт, жергілікті полиция қызметі және басқа да мамандардың жалақысы көтерілді. Алайда қазір қымбатшылық заманында бұл өсімнің өзі аздық етеді. Жалақыны көтеру әрі қарай жалғасын таба ма?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Қызметкерлердің еңбек жағдайын жүйелі түрде жақсартуды әрі қарай жалғастырамыз. 1 маусымнан бастап әлеуметтік, мәдениет (кітапханалар, мұражайлар), спорт, жергілікті полиция қызметі және т. б. мамандардың жалақысы көтерілді. Осылайша елорда мекемелерінде жұмыс істейтін 4 мыңға жуық маман қамтылды. Мәселен, әлеуметтік мекемелер, медициналық-оңалту орталықтары, кітапхана және т. б. орындарда жұмыс істейтін, жалақысы төмен қызметкерлердің еңбекақысы 30 пайыздан 50 пайызға дейін көбейді. Осыған байланысты бірнеше мысал келтіріп өтейін. «Жаңа» отбасы институтын

қолдау орталығы және «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы 1,5 есе өсті. Кітапханашылардың жалақысы 30 пайыздан аса («Орталық кітапхана жүйесі» КММ), суретшілердің жалақысы 50 пайызға артты. Жергілікті полиция қызметінің жалақысы 30 пайызға дейін көтерілді, азаматтық қызметкерлерді (С, D санаты және разрядтаушылар) 1,8 есеге көбейтті. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша осыған дейін медицина қызметкерлерінің, педагогтардың, коммуналдық кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысы көтерілген болатын. Осы бағыттағы жұмысты әрі қарай да жалғастырамыз.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Тұрсын ЗАИТОВА, елорда тұрғыны:

– Қалада жұмыспен қамту саласында қандай жұмыс жүргізіледі? Жұмыс іздегендерге қандай мүмкіндік қарастырылған?

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан ЖҮСПІНОВ жауап береді:

– Осы жылдың 1 шілдесіндегі мәліметтерге сәйкес, елорданың халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы қамтылған 5584 адамның 2804-і тұрақты жұмыс орнына орналасты, оның 1120-сы – жастар. Тағы 2046 адам қоғамдық жұмыстарға, 270-і – жастар практикасына, 128-і – әлеуметтік жұмыс орындарына, 39-ы – «бірінші жұмыс орны» жобасы бойынша, 10-ы «күміс жас» жобасы бойынша жұмысқа орналасты. Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша қысқа мерзімді курстардан 129 елорда тұрғыны өтіп жатыр, skills.enbek.kz порталы арқылы онлайн оқыту 232

адамға арналған. Сонымен қатар жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грантты бес адам алды. Сол сияқты қалада мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы жұмыс орындары ұйымдастырылады. Жыл соңына дейін 28000 жұмыс орнын құру жоспарланып отыр, оның ішінде 17000-ы – тұрақты, 11000-ы – уақытша жұмыс орны.

1 шілдедегі жағдай бойынша 12390 жұмыс орны құрылды. Enbek.kz порталында жұмыс істеп тұрған 7 мыңнан астам бос жұмыс орнын 1000-ға жуық жұмыс орындарына жариялады. Бүгінгі таңда Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2022 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша елордада жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайызды құрайды, бұл республикалық көрсеткіштен 0,3 пайызға төмен.



БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

27.07.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

	Астаналық базар	«Элорда» базары	«Шығанақ» базары	«Шынар» базары
Бірінші сортты бидай ұны	400	510	410	200
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	130	90	100	120
Макарон өнімдері	300	227	227	350
Қарақұмық жармасы	650	520	520	600
Тазартылған күріш	480	275	275	420
Картоп	165	185	260	260
Сәбіз	115	222	205	220
Пияз	165	314	350	330
Қырыққабат	80	91	91	110
Қант	320	470	320	720
Күнбағыс майы	900	780	850	750
Сыыр еті	2750	2350	2350	2300
Тауық еті	1705	1350	1100	1300
Пастерленген сүт	300	285	275	350
Айран	340	307	375	310
Сары май	2500	604	2700	850
Тауық жұмыртқасы	45	46	36	120
Ас тұзы	90	52	70	60
Сүзбе	800	280	1000	900

№88 (4366) 28/07/2022 Бейсенбі

ГАЗДАНДЫРУ – АУҚЫМДЫ ЖОБА

Қала тұрғындарының өмір сүру жағдайын жеңілдетуге бағытталған ауқымды жобаның бірі – газдандыру. Оны жүзеге асыру барысы – Мемлекет басшысының бақылауында. Бүгінде бұл мәселе қаланың барлық ауданында қызу жүріп жатыр.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Алматы ауданы әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің жетекшісі Ерлан Сәрсекеевтің айтуынша, бүгінгі таңда Железнодорожный, Промышленный, Интернациональный, Күйгенжар, Мичурино және Оңтүстік-Шығыс тұрғын үй алаптарына газ таратылды. Жобаның 7-кезеңі бойынша Железнодорожный тұрғын алабында жалпы ұзындығы 43,4 шақырым жерге желі жүргізіліп, 7 әлеуметтік нысан және 205 абонент газға қосылды.

– Газдандыру – елордалықтардың жайлы тұрмысы үшін жүргізіліп жатқан маңызды жоба. Осыдан бірер жыл бұрын қаланы қалың түтін басып тұратын. Бұл қоршаған ортаға да, тұрғындарға да аса зиян келтіретін. Соңғы жылдары қалада жүргізіліп жатқан газдандыру жұмысының нәтижесінде елорданың экологиясы ғана емес, қала тұрғындарының өмір сүру сапасы да жақсарып, өткен қыста жеке секторда газға қосылған үйлердің арқасында бас қаланың ауасы жылдағымен салыстырғанда әлдеқайда тазарды. Жалпы Алматы ауданы бойынша бүгінге дейін 2810 отбасына техникалық шарт беріліп, 2079 абонент газға қосылды, – деді Ерлан Сәрсекеев.

Бұдан басқа, қаланың барлық төрт ауданында да көптеген тұрғын үйлердің автономды қазандығын табиғи газға ауыстыру жұмысы жүргізілуде. Атап айтсақ, осындай 3 үй газға ауысты. Соның ішінде Төлебаев көшесі, 25 мекенжайында орналасқан «Табыс» тұрғын үй кешені, Сүткен көшесі, 30 мекенжайындағы және «Есіл» тұрғын үй кешенінің 30/1 үйі мен Қапал көшесі, 1/1 мекенжайында монтаждау жұмысы аяқталуға жақын.

Әлеуметтік нысандарды газдандыру да жалғасып жатыр. Қазіргі күні Алматы ауданы бойынша 7 әлеуметтік нысанды газға ауыстыру жұмысы жүргізілуде. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі жетекшісінің мәліметінше, Железнодорожный тұрғын алабындағы №59 «Аққанат» балабақшасы, №29 орта мектебі, қалалық фтизиопульмонология орталығы; «Астана Энергия» қазандығы; Промышленный тұрғын алабындағы №57 орта мектебі газға ауысуда. Осы нысандарда жабдықты монтаждау жұмысы аяқталды, бүгінде оларды іске қосу-жөндеу жұмысы жүріп жатыр.

Қалған 7 нысан бойынша, атап айтсақ, Интернациональный тұрғын алабындағы №44 орта мектебінде, №74 «Дәурен» балабақшасында, Мичурин тұрғын алабындағы №60 «Арай» балабақшасында және Күйгенжар тұрғын алабындағы №44 орта мектепте, №2 жалпы тәжірибе бөлімінде жобалау жұмысы



жүріп жатыр. Бұл жұмыстың бәрін биылғы жылытау маусымы басталғанға дейін аяқтау жоспарлануда.

Сонымен бірге газға қосылу үшін қажетті құжаттар тізімі қысқарды. Бұрын бұл процесс бірнеше айға созылып кететін.

Енді тұрғындар құжат жинап әуре-сарсаңға түспейтін болды. Бұл шара Мемлекет басшысының «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы аясында қабылданды.

БАЛАБАҚШАЛАРДЫ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ БАСТАЛДЫ

Бас қалада мектепке дейінгі ұйымдарды лицензиялауды енгізу жұмысы басталды. Лицензия алған кезде мемлекеттік, сондай-ақ жекеменшік балабақшалар барлығына бірдей ең төменгі біліктілік талаптарына сәйкестігін растауы тиіс. Бұл туралы жуырда өткен брифингте Нұр-Сұлтан қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары Раушан Козкеева мен Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржан Каирбаева мәлім етті.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

БРЕЖЕ БӘРІНЕ БІРДЕЙ

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда лицензиялауды енгізу жұмысы басталды. 2011 жылға дейін мектепке дейінгі ұйымдар лицензияланды, кейін балабақшаларды лицензиялау тоқтатылды. Ол балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуға арттыруға мүмкіндік берді.

Қазір мектепке дейінгі ұйымдарды ашқанда бірыңғай талап жоқ. Балабақша ашқанда қандай жағдай жасалғанын, кімді жұмысқа алады, материалдық-техникалық жабдықтау қандай екенін ешкім тексермейді. Кейбір жекеменшік балабақшалар тіпті ашылғаны туралы да хабарламайды.

Лицензия алу кезінде мектепке дейінгі ұйымдар мемлекеттік және жеке тұлғаларға ортақ ең төменгі біліктілік талаптарына сәйкестігін растауы керек.

Заңнамада белгіленген тәртіппен енгізілетін лицензиялаудың реттеушілік әсерінің тапталуы (РЭТ) жүргізіледі, содан кейін ғана тиісті заң жобасы әзірленеді.

Заң жобасы қабылданғаннан кейін ғана мектепке дейінгі білім беруді кезең-кезеңімен лицензиялау жоспарлануда:

- бірінші кезеңде – ашылатын мектепке дейінгі ұйымдар (жылына шамамен 200 д/с);
- келесі кезеңде – жұмыс істеп тұрған, бірақ мемлекеттік аттестаттаудан қайта өтпеген мектепке дейінгі ұйымдар (жылына 1-2%, 10-15 д/с);
- содан кейін барлық басқа қолданыстағы мектепке дейінгі ұйымдар – тәуекелдерді бағалау дәрежесі бойынша (ҰБДҚ бойынша ең тәуекелді).

«Бала тәрбиесі – ортақ. Барлық балабақшаға қойылатын талап бірдей. Ал лицензия алған ұйымдарда жемқорлық азаяды. Ата-ананың балабақшаға деген сенімі артады» дейді министрлік өкілдері.

ШЕТЕЛДЕ ҚАНДАЙ ТАЛАП ҚОЙЫЛАДЫ?

Көптеген елде мектепке де-



йінгі ұйымдар лицензияланады немесе аккредиттеуден өтеді. Мысалы, Германияда барлық балабақшалар лицензияланған. Австралияда лицензия ұлттық сапа кепілдігі негізінде беріледі. Канадада, АҚШ-та, Португалияда, Ресей Федерациясында да лицензиялау қолданылады. Қырғыз Республикасында лицензияны тек жекеменшік балабақшалар алады.

Негізгі талаптар топ түрі бойынша балалар санына, балалар мен персоналдың арақатынасына, педагогтардың біліктілігіне, жабдықтарға, балалардың жас ерекшелігіне сәйкес білім беру бағдарламаларына, төтенше жағдайларға дайындығына, денсаулығына, медициналық бақылауына, тамақтануына қарай қойылады.

Сонымен бірге Германияда, Австралияда, Канадада, егер балалардың әл-ауқатына қауіп төнсе немесе ұйым стандарттарға сәйкес келмейді деп танылса, лицензия қайтарып алынуы мүмкін. Жауапты адамдар мектепке дейінгі ұйымды басқаруға құзыретті болмаған немесе бала күтімі бойынша жұмыс балалардың денсаулығына, қауіпсіздігіне немесе әл-ауқатына зиян келтірген жағдайларда да лицензиядан айырылуы мүмкін.

МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

Айта кету керек, лицензия беру жөніндегі мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылған және рұқсат беру алдындағы бақылауынан басқа (ұсынылған құжаттар бойынша) лицензиялардың лицензиятпен тікелей өзара іс-қимылы жоқ. Себебі рұқсат құжаттарын беру мемлекеттік қызметке жатады. Толық автоматтандырылған.

Балабақшаның лицензия беретін органмен тікелей байланысы болмайды.

Қазіргі уақытта басты мәселе – мектепке дейінгі білім беру сапасы. Лицензиялау сапаны қамтамасыз етудің жаңғыз жолы емес. Сапаны қамтамасыз ету бойынша бірқатар шаралар кешені қабылдануда. Кадрларды даярлау, біліктілікті арттыру, білім беру бағдарламаларын жаңарту, аттестаттау, қаржы-

ландыру және т. б. сияқты басқа да шараларды атауға болады.

Анықтама үшін: елордада контингенті алпыс мыңнан астам баланы құрайтын 432 мектепке дейінгі ұйым, оның ішінде: 99 мемлекеттік 330 жекеменшік, 3 ведомстволық ұйым жұмыс істейді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №122 бұйрығына сәйкес орналастырылады.

Қызмет көрсетудің мақсаты – балаларды қамту, мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиелеу және оқыту.

Мемлекеттік тапсырыс 27504 орындық 316 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымға орналастырылған. 2021 жылмен салыстырғанда 1 балаға мемлекеттік тапсырыс сомасы 38023 теңгеден 41718 теңгеге дейін ұлғайды.

Анықтама үшін: 2020 жылы мемлекеттік тапсырыс 105 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымға 5800 орынға, 2021 жылы 88 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымға 4500 орынға орналастырылды. 2022 жылы мемлекеттік тапсырыс аясында 11 миллиардан астам теңге салынды (11 млрд 850 млн 993 мың теңге). Қазіргі уақытта 5 миллиардан астам қаржыландырылды (5 млрд 780 млн теңге). 2021 жылы мемлекеттік тапсырыс аясында 9 млрд 219 млн теңге қаржыландырылды.

ҰЙЫМДАРДЫ ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

2021 жылдың қазан айында Нұр-Сұлтан қаласы ваучерлік қаржыландырудың қанатқақты

жобасына енді. Ваучер – бұл баланың білім алуына мемлекет ақша бөлген кезде қаржыландыру әдісі.


Мемлекеттік тапсырыстан несімен ерекшеленеді? Егер бұрын баланың білім алуына ақшалай қаражат мектепке дейінгі ұйымға тікелей бөлінген болса, онда ваучермен бірге баланың білім алуына ақшалай қаражат тікелей ата-анасына түсетін болады. Ата-ананың өзі балабақша қызметін төлейді.

Қаржыландырудың ваучерлік жүйесіне көшу үшін 2021 жылғы 25 қазан мен 31 желтоқсан аралығында Білім басқармасы конкурс жариялады, білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша көрсетілетін қызметтерді әлеуетті жеткізушілердің тізбесіне енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардан өтініш қабылдау жүзеге асырылды. Нәтижесінде 15 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымнан тізбе жасалды. Ата-ана мен мектепке дейінгі ұйымның электрондық шарт жасасуы және балалардың қатысуын табылуды үшін мектепке дейінгі ұйымдарды «Индиго» жүйесіне қосу бойынша жұмыс жүргізілді. Электрондық шарттарға екі тараптың ЭЦҚ кілтімен қол қойылады (ата-ана және мектепке дейінгі ұйымның уәкілетті өкілі). Осыған байланысты ата-анаға баланың келу табылғанға дейінгі уәкілетті өкілі бекіту мүмкіндігі беріледі.

Осы жобаны іске асыру шеңберінде баланың келмеген күндері үшін қайта есептеу бойынша төлем шоттарын балалар мен олардың ата-анасының мүдделерін бұза отырып бухгалтерия жүзеге асыратын елулі сыбайлас жемқорлық тәуекелі бұғатталды. Мектепке дейінгі ұйым бухгалтериясының рөлі төлем сомаларын есептеудің технологиялық процесіне араласу мүмкіндігінсіз, төлемдерді қабылдау және түскен төлемді белгілеуден тұрады. Сондай-ақ бұл модель жеке мектепке дейінгі ұйымдардағы «өлі жандар» мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Іс жүзінде ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап 200 тәрбиеленушіге қаржыландыру жүргізілуде. «Қазақстан халық банкі» АҚ арқылы ата-ананың ағымдағы шотына Білім басқармасы ақша аударады, банк ақшаны ата-ананың шотына аударады, ал ата-ананың өзі баланың балабақшаға барғаны үшін төлем жүргізеді.

Ваучер бойынша мемлекеттік тапсырыс аясында 62 млн 776 мың теңге қаржыландырылды.



АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Қымбатшылық алқымнан алған заманда қанттан басқа да қызметке бағаны белден басатындар көп. Күнделікті өмірде ай сайын күніміз түсетін шаштараздан бастап, тіс емханасы, түрлі сән салоны мен медициналық орталықтар, тіпті балаларды ойнататын аттракциондар, көлік жөндейтін орындарға дейін сан түрлі қызметтер құнын өсіргеннің үстіне өсіріп, ажанадай жалаңдап, айылын жияр емес.

Райхан
РАХМЕТОВА

Көбіне баға айырмашылығы елордада тұрған жеріне, элиталы ғимаратта орналасуына немесе қарапайым нысанда тұруына, ішкі жөндеуіне, керекті жабдықтардың сапасына және маманның біліктілігіне қарай өзгеріп отырады. Бұлардың бәрі жоғары деңгейде болса, қызмет бағасы да қымбаты-

тегін емге бұл сәулемен емдеу кірмейді, сондықтан сапасы да төмен деп мойндайды. Мұны бес баланың анасы Жанат Жомартқызы да растайды. Ал балалардың ойын-сауығына келсек, ол көпбалалы аналарға жеңілдіктер бар.

– Аттракциондарға келетін болсақ, елорданың Орталық саябағында айына бір рет көпбалалы аналар үшін 9 аттракционға тегін отыру қарастырылған. Ailand, Harrylon секілді ойын-сауық

болғаннан құрысын деп келесі жолы бармайтын боласың. Жалпы қымбатшылық өз алдына, балалар ойындарының қымбат болуы тек ақшалы адамның баласы ойнау керек-ау деген ойға жетелейді, – дейді елорда тұрғыны Жайна Бейсембина.

Шаштараздарға келсек, қазір қалада ер адамдардың шашын алу құны 1500 теңгеден басталады. Оны сұранысы мен клиенті көп бір шаштараз 2000-нан әрі қарай қымбаттатып жіберсе,



рақ, Одан бөлек, инфляцияны сылтау еткендер тағы да баға үстіне баға қосуда. Алайда көбінің жарнамасы өтіп тұрғанмен, қызмет сапасы көңілден шыға бермейді.

Бірде қызымның тісін панорамалық рентгенге түсіруге тіс емханасын іздедім. Интернет арқылы үйдің айналасынан іздегендерімнің бәрі қымбат баға ұсынып, сосын оң жағалаудағы клиникаларға телефон шалғанымда, сол қызметті 500-1000 теңгеге төмен көрсететін орталықтар табылды. Жалпы басқа да көптеген қызметтер сол жағалаудан гөрі ескі қала жақта біраз арзанға түсетінін еститін едік. Сонымен қатар мемлекеттік қызметкерлер ауданы саналатын «Жаңа Сейфуллин» жақта, «Астаналық» және «Шапағат» базарлары аумағында, Абылайхан көшесі бойындағы «Гүлжан» сауда үйі маңайында да қызметтер өзге жерлерге қарағанда арзанға түседі.

Тағы бірде тоғызыншы сынып бітіріп, колледжде түсуге ниет еткен қызыма 075 анықтамасын алуға тіркелген емханамызға соғып, олардан бұл қызметті басқа лицензиясы бар емханадан ақылы түрде алу керек деген жауап алдым. Оның да бағасы әр клиникада әртүрлі, жалпы 13000 теңгеден басталады. Сонымен ай сайын МӘМС жүйесі бойынша еңбекақымыздан ұстап қалатын ақшамыздың қызығын осындай қарапайым анықтама алуға да қолдана алмасақ, бұл жүйеден не пайда деген ойда қаласың.

МӘМС демекші, тіс емдеу 18 жасқа дейінгі балаға тегін болғанмен, ақысыз тіс емханаларындағы пломбалардың сапасы сын көтермейді. Оны тісін емдеп жатқан дәрігердің өзі ескертіп, егер пломба ны сәуле арқылы бекітіп, ұзағырақ түспей тұрғанын қаласаңыз, ол ақылы, ал

аландарында 50 пайыз жеңілдік бар. Мен үшін бұл – өте үлкен көмек. Ал басқа үш баласы бар ата-ана үшін аттракциондарға кіру құны 200-800 теңге арасында болса, бұл біраз жеңілдік болар еді, – дейді ол.

Расында, елордада балаларын ойнатып, қаланы қыдыртқанда ең көп кездесетін әділетсіздік деп ата-аналар балалар аттракциондарының бағасын атайды. Әсіресе бірнеше баласы бар ата-ана үшін бұл – нағыз қалтаны қағудың амалы. Бес минуттық жерді кішкентай ойыншық автокөлігімен бір айналып келу – 2 мың, бір аттракционда 10 минут отыру – 3 мың, беліңе ремень тағып, серпімді матрацтың үстінде секирудің 2 минуты – 1 мың теңге. Құмары енді қана бергенде уақыт болады, одан бала тағы мінем деп жылайды. Сөйтіп ақыры ата-ана баласын осындай аттракциондар тұрған жерден алыс, айналып өтуге мәжбүр болады.

– Тиіп кетсең, қай-қайсысының да құны мың теңгеден кем емес және бір емес, бірнеше бала кіргізесің. Бір аттракционды місе тұтпайды бала. Бәрін көргісі келеді. Ау, енді ақша жоқ деп бейшара

адам жинай алмай жүргендері қызметін төмен бағада ұсынады. Сол сияқты ірі сауда орындары мен сауда үйлеріндегі шаштараздар жалға алған орнының құнына қарай қызмет бағасын көтеріп ұсынады.

Жалпы мұның бәрі Қазақстанда бағаны қадағалаудың қиын мәселе екендігінде болып тұр, оған әртүрлі себеп бар. Айталық, мемлекет тарапынан қадағалаудың нақты бір механизмі жоқ. Нарықты еркіне жіберген соң, баға бағынбай тұр. Оның үстіне жылдан-жылға ушығып бара жатқан инфляция тағы бар. Қызметтерге келсек, мәселен, коммуналдық шығын қымбаттаған сайын ол шаштараз, салон болсын – барлық қызмет бағасына әсер етеді. Сол сияқты бензин қымбаттаған сайын ол көлік шығынына әсер етеді, одан әрі ол қызмет түрлерінің де ақысына ықпал етеді. Ең соңында мұның бәрінен зардап шегетін – түпкілікті тұтынушы – сіз бен біз. Сондықтан менің ұсынысым Қазақстанда баға мен сапаны қадағалайтын арнайы министрлік құру керек. Алайда мұны мемлекет қашан қолға алып, айналысатыны қазіргі жағдайда әзір белгісіз...



«Жол-көлік оқиғасы – төрт дөңгелектің үстіндегі тілсіз індеттің бір түрі» деп баға берді өткен аптада Нью-Йорктегі БҰҰ Бас ассамблеясының залында жиналған БҰҰ-ға мүше 193 мемлекеттің өкілдеріне сөйлеген сөзінде ұйымның Бас хатшысы. Расында да, жыл сайын дүние жүзінде 1,3 миллион адам жол-көлік оқиғасынан қайтыс болып, яғни әрбір 24 секунд сайын бір адам ажалын жол бойынан тауып жатыр.

ЖОЛ АПАТЫ – ЖАУАПСЫЗДЫҚТАН

Айгүл
УАЙС

Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығындағы жедел-қызметтік жұмысын қорытындылады. Департамент бастығы Марат Төлебаев жол қауіпсіздігі мәселесіне ерекше назар аударылатынын айтты.

«Елордада жол қауіпсіздігіне бақылау күшейтілді. Сонымен қатар 2022-2023 жылдарға арналған жол қозғалысы қауіпсіздігінің жаңа кешенді жоспары қабылданды. Жыл басынан бері жазатайым оқиға саны 24,5 пайызға, зардап шеккендер саны 29,3 пайызға артқан. Қабылданған шаралар жолдағы өлім-жітім көрсеткішін 41,7 пайызға төмендетті» деді Марат Төлебаев.

Бүгінгі таңда елорда жолдарындағы өлім-жітім, жазатайым оқиға мен көлік кептелісін азайту мақсатында бірқатар нақты шаралар атқарылууда. Жол-көлік оқиғасының себебін және жол-көлік оқиғасы орын алған жерлерде қалыптасқан қозғалыс жағдайын зерделей отырып, 67 учаскеде бағдаршамдардың жұмыс режимін өзгерту бойынша шаралар қабылданды. 22 қылыста «тыныштандыру» режимі енгізілді, яғни қызыл сигнал барлық бағыт үшін бір уақытта 6 секундқа дейін қосылады. Мәселен, осы режим енгізілгенге дейін Бөгенбай батыр-Жеңіс қиылысында 315 жол-көлік оқиғасы орын алып, 22 адам зардап шекті, режим енгізілгеннен кейін зардап шеккендер мен ЖКО тіркелген жоқ.

Бүгінде 5 пен 29 жас аралығындағы жастардың өмірін баулай қиып жатқан көлік апатынан келген 10 адам өлімінің тоғызы орташа және төмен табысы бар елдерде орын алған.

Ал дамыған елдерде жол-көлік оқиғасынан көз жұмғандар статистикасы басқаша. Сол себепті қауіпсіз жол инфрақұрылымын барлық жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей етіп жасалуы керектігі белгілі. Бұл жаяу жүргіншілерге, велосипедшілерге және мотоциклистерге де ортақ

қолайлы жағдай жасауды білдіреді. Жолдағы қауіпті азайту үшін жаяу жүргіншілер жолы, веложол, қауіпсіз өткел және қозғалысты бәсеңдететін басқа да құралдар сияқты нысандарды салу қажет. Қауіпсіз көліктер де күрделі түйінді шешудің басты амалы еді. Алайда еліміздегі деректерге ден қойсақ, көңіл көншітпейді.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздің автокөлік паркі төрт еседен астам өсті. 1991 жылы республикада 800 мың автокөлік немесе 1000 адамға 48 автокөліктен келеді. 2020

ЖОЛ САПАСЫ БОЙЫНША ЕЛДЕР РЕЙТИНГІНДЕ ҚАЗАҚСТАН 141 ЕЛДІҢ ІШІНДЕ 93-ОРЫНҒА ТҰРАҚТАДЫ

жылдың жазына қарай Қазақстанда 3,88 миллион автокөлік тіркелген. Бұл ретте халықтың меншігінде 3,45 миллион автокөлік бар. Бұл – жалпы көлемнің 93,9 пайызы. Осылайша қазақстандық әрбір бесінші адамның жеке көлігі бар. Сонымен қатар тіркелген көліктердің үштен екісіне жуығына 10 жылдан асқан.

Елдегі көлік санының көбеюіне қарамастан, жолдар барлық жерде дерлік өзгеріссіз қалды. Жол сапасы бойынша елдер рейтингінде Қазақстан 141 елдің ішінде 93-орынға тұрақтады. Өткен жылы шамамен 500000 шақырымды қамтитын 25000 жолға барлау жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде талдау республика жолдарында қосымша 23 мыңнан астам жол белгілерін орнату қажет екенін көрсетті. Сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігіне кері әсер ететін 57,5 мың жол инфрақұрылымының ақауы анықталды. Жолдарды күтіп ұстауға жауапты 3 мыңға жуық шенеунікке айыппұл салынды.

Жол-көлік оқиғасынан зардап шеккендерге көмек көрсетуде уақыт факторы маңызды: бірнеше минуттық кешігу адам өмірін қиыу мүмкін. Оларға көмек көрсетуді жақсарту үшін дәрігерге дейінгі медициналық көмекті уақытылы жүргізуді, сондай-ақ, мысалы, оқыту бағдарламалары арқылы дәрігерге дейінгі және стационарлық көмектің сапасын арттыру қажет.


Егер сіз апатқа ұшырасаңыз, не істеу керек? Алдымен зардап шеккендердің бар-жоғына көз жеткізіңіз, егер бар болса, жедел жәрдем шақырыңыз. «Апаттық белгіні» қосу және авариялық тоқтату белгісін орнату қажет. Оқиғаның куәгерлері болса, олардың байланыс дерегін жазыңыз. Бұл ерекше жағдайларда пайдалы болуы мүмкін. Әкімшілік полиция қызметкерлерін және сақтандыру агенттерін шақырыңыз.

Шығасыға, әрине, иесі басшы болады дейміз. Жалпы адамдардың жолда жүріп-тұру мәдениеті

мен көлік иелерінің бір-біріне жол беріп, жол қауіпсіздігін сақтауына да көп нәрсе байланысты. Үйден шыққаннан бастап жаяу жүргінші болса да жол қозғалысына қатысады. Бағдаршамда жолды кесіп өтеді, тағы басқа қозғалысқа дайын болудың бір шарты – жол қауіпсіздігін мәдениет ретінде қалыптастыру қажет. Өмірімізге тікелей байланысты болған соң, ағылған көліктің арасынан аман жүрудің ережесін сақтауға міндеттенуіміз керек. Оқушыларға жастайынан жолда жүру ережелерін үйретіп, балалар ержеткенде көлікке отырмас бұрын білім мен дағдысын қалыптастырып барып үлкен жолға салу ересектердің міндеті болуы тиіс.

Сонымен, барыс-келісімізді жеңілдетіп, діндеген жерімізге тез жетіп, тез келу үшін тым қымбат адам өмірімен есептесуден бас тартуымыз керек.

Жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жол-көлік оқиғасын болдырмау жатады. Жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына зиян келтірмеуге, апат зардабының ауырлығын азайтуға, сондай-ақ осындай зардапты жоюға бағытталған қызметке уәкілетті органдардың жауапкершілігі артып, жүргіншілер мен көлік иелері атсалысқанда ғана жол бойындағы қауіпсіз қозғалысқа қол жеткізуге болатын сияқты.



**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

ҚАЛА БАЛАЛАРЫ ҚАЛАЙ ДЕМАЛАДЫ?

Қала балаларының жазғы каникулды осылай өтіп жатыр. Жоғарыдағы сауалнамада олардың 31 пайызы ауылда, 8 пайызы шетелде, 4-ақ пайызы мектеп лагерлерінде демалатындары айтылған. Қыркүйекте оқу жылы басталғанда, сыныптастарымен каникулды қалай өткізгендерін бөлісетіндері хақ. Мұғалімдері бұл тақырыпқа шығарма да жаздырар. Сонда каникулды үйде өткізген кейбір бала қиналып қалуы ықтимал.

Биылғы «Балалар жылында» мемлекет тарапынан балалардың демалысын қызықты да, әсерлі етіп ұйымдастыруға болар еді деп ойлаймыз. Елімізде қасиетті де, киелі мекендер жеткілікті. Соларға рухани-танымдық сапарлар ұйымдастырылғаны жөн еді.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, алдағы жаңа оқу жылында 5-11 сыныптарға азаматтық, адалдық, парасаттылық, этика, медиасуаттылық, қаржылық сауаттылықты қамтитын «Патриотизм және жаһандық құзыреттер» курсы енгізіледі. 5-7 сыныптарға «Өлкетану» пәні де енгізілген. Оқушыларға арналған рухани-танымдық сапарлар аталмыш курс пен пәнді меңгеруге септесер еді. Оның үстіне өткен оқу жылында Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы география пәні мұғалімдеріне арналған «Мектептегі географиялық білім беру: озық ой және заманауи көзқарас» тақырыбында ашық алаң өткізді. Қасиетті орындарға оқушылардың сапарлары мұғалімдерге де теория мен практиканы ұштастыруға мүмкіндік берер еді.

«Рухани жаңғырту» бағдарламасында сабақтарды тарихи орындар мен музейлерде өту туралы керемет ұсыныстар айтылып еді. Бірақ қаржы қарастырылмағандықтан, оқушыларды апаруға мүмкіндік болмай тұр» дейді өкінішпен тарих пәнінің мұғалімі Өмір Шыныбекұлы.

«ҰЛЫЛАР МЕКЕНІНЕ САЯХАТ» НЕГЕ ҮЗІЛДІ?

Бала кезімізде аға-апаларымыз «Ленин жолымен» аталатын рухани-танымдық сапарларға шығып тұратын. Сол кеңес заманында оқушыларға 15 одақтас республиканы аралауға мүмкіндік берілді. Жоғарыда айтқанымыздай, қазір елімізде де көретін, саяхаттайтын мекендер жеткілікті. Бірақ балалар үшін осындай сапарларды ұйымдастыру жолға қойылмаған. Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың айтуынша, балалар мен жасөспірімдер арасында



РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ САПАРЛАР КЕРЕК

Жуырда Elorda.info ақпараттық порталы ата-аналар арасында «Балаларыңыз жазғы демалысын қайда өткізіп жатыр?» деген сауалнама жүргізді. Респонденттердің басым көпшілігі, яғни 57 пайызы балалары жаз бойы үйде болады деп жауап берді. Шындығы да осы сияқты. Кешке жұмыстан қайтқанымызда ауламыздағы ойын алаңында қаптаған балалардың асыр салып ойнап жүргенін көреміз. Ал демалыс күндері үйіміздің айналасында таңнан қара кешке дейін балдырғандардың дауыстары тынбай шығып жатады.

ішкі туризмді дамыту мен насихаттау бойынша жұмыстар жергілікті атқару органдарымен бірлесе жүргізілуде. Бірақ жеке өзіміз осындай жұмысты көрмей отырмыз.

Осыдан сегіз жыл бұрын жаздың жаймашуақ күндері «Ұлылар мекеніне саяхат» бағдарламасымен бір топ адам автобуспен астанадан Жидебайға барып қайтқан едік. Сол кезде ұлы Абай мен Шәкәрім туып, дамып тапқан, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов өскен ортаны, олар ұстаған заттарды көріп, ғажап әсерленген едік. Бұл сапарда серіктеріміз астаналық мұғалімдер мен бірқатар оқушылар да болды. Олардың да осы сапардан ғажап әсер

алғанын байқадық. Ал бұл саяхатқа «Алтын қыран» компаниясы демеуші болған еді. Бірақ кейінгі жылдары «Ұлылар мекеніне саяхат» бағдарламасы үзілді. Мемлекеттен қолдау жоқ, демеушілер де табылмай отыр.

«Жыл сайын көктем келгенде «Ұлылар мекеніне саяхат» аталатын арнайы жоба бар ма, сіз бұрынғыдай алып шыға аласыз ба деп жұрт көп сұрап жатады. Бірақ қолдайтындыр жоқ болып тұр. Бұрын жекеменшік Қазақстан-Ресей университеті қаражатты өзі шығарып, апарып жататын. Ұлт руханиятын жаңғыртуға қатысты тек Семей жеріне ғана емес, бүкіл ұлы өлкелерге саяхат жасау мәселесін көтеріп едім.

Мысалы, Ұлытауға, Түркістанға саяхаттар болса деген жоспарым бар. Бірақ мүмкіндік жоқ» дейді «Ұлылар мекеніне саяхат» жобасының бастамашысы, ақын, абайтанушы Алмахан Мұхаметқалиқызы.

ЖАҢА ОБЛЫСТАРДЫ НАСИХАТТАУҒА СЕПТЕСЕДІ

Екі жыл бұрын ұлы Абайдың 175 жылдығын атап өттік. Сол кезде «Ұлылар мекеніне саяхат» жобасын жаңғыртуға жағдай жасау керек еді деп ойлаймыз. Ал 10 тамыз Президент пәрменімен, Үкімет қаулысымен Абай күні болып бекітілді. Биылғы 28 қыркүйекте

Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толады. Сондықтан хакім Абай мен заңғар жазушыны берген өлкеге оқушылардың саяхатын ұйымдастыруға себеп жеткілікті деп ойлаймыз. Оның үстіне Абай, Ұлытау, Жетісу облыстары құрылды. Түркістан болса, түлеп жатыр. Міне, осы облыстардың басшылығы өздері басқарып отырған өлкелерді танытуды, киелі орындарды насихаттауды қолға алғаны жөн. Соны оқушылардан бастаған дұрыс деп есептейміз.

Осы тарапта ұлағатты ұстаз, білікті ұйымдастырушы, астананың Ә. Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейін, Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайын, Қ. Мұхамедханов атындағы №90 гимназияны басқарған марқұм Ербол Іргебай есімізге түседі. Ол оқушыларға арнап үнемі «Марғұлан ізімен» аталатын өлкетану туристік экспедициясын ұйымдастырып тұратын. Ербол Ісләмұлының бастамасымен балалар Көкше жеріндегі Кенесары хан үңгіріне барды. Ұлттық археология негізін қалаушы академиктің ізі қалған басқа да өлкелерді аралады.

БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНА БАЗЫНА

Кейінгі жылдары елордада тұлғалардың атына мектептер көп беріліп жатыр. Мәселен, №87 мектеп-гимназияға Абай Құнанбайұлының, №74 мектеп-гимназияға ақын Мұқағали Мақатаевтың, №57 орта мектепке Мәшһүр Жүсіптің, №86 мектеп-гимназияға Мұхтар Әуезовтің аты берілді. Бұл тізімді әлі де соза беруге болады. Қалада Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай сынды

Алаш арыстарының атында да мектептер бар. Осы және басқарына аты берілген басқа да тұлғалардың туған, өскен, ізі қалған өлкелері көруге тұрарлық. Мысалы, биыл ел көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде ұлт ұстазының мерейтойы атап өтіліп жатыр. Соның аясында оқушыларды Ахмет Байтұрсынұлы туған Торғай өлкесіне, мектеп ашып, сабақ берген Қарқаралыға неге апармасқа?

Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы осы мәселелерді ойластыру керек. Қалалық мәслихатқа бюджеттік ұсыныс жіберіп немесе демеушілерді тауып қалай да қолға алуы қажет. Себебі, осындай рухани-танымдық сапарлардың астарында ұрпақ тәрбиесі жатыр. Оқушылар көрнекті тұлғаларды түлеткен мекендерге барғанда тәлім-тәрбие, өнеге алатыны сөзсіз. Балаларға білім беру мен тәрбиелеу қатар жүруі керектігі дәлелдеуді қажет етпейді. Ал кейінгісі осы күндері сал ақсап жатқаны жасырын емес.

Елордаға қарағанда өңірлер оқушыларға рухани-танымдық сапарларды ұйымдастырудан тартынбайды. Мәселен, биыл «Балалар жылы» аясында Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, еліміздің әр өңірінен келген 34 оқушы Нұр-Сұлтан қаласына келіп, Президент резиденциясын аралады.

Оқушылар сарайында, Ұлттық музейде, Астаналық циркте, «Бәйтерек» монументі мен «AILAND» отбасылық демалыс орталығында болды. Ал астананың балалары осындай сапарлардан тыс қалып отыр.

Қазір балаларды интернет, ұялы телефон тәрбиелеп жатқанын көп айтамыз. Рас, жаз мезгілінде бала сияқты далаға шығып ойнамайтын, тек экранға телміріп отыратын балалар да бар. Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың айтуынша, республикалық «Ұлағатты ұрпақ» мәдени-білім беру онлайн жобасы қолға алынды. Жоба сайттар мен әлеуметтік желілерде жүргізіледі.

«Бұл – өте қызықты, ауқымды жоба. Оқушылар үйден шықпай-ақ, виртуалды сапар жасап, қазақ тіліндегі кинофильмдер мен мультфильмдерді көре алады. Дәрістерге жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамы 5 бағыт бойынша 20 сайтқа қатысып, музыкалық өнер және басқа да бағыттар бойынша бейнесабақтар дайындалып жатыр» дейді министр.

Ал мұны балалар қаншалықты көріп жатыр? Біздіңше, бұл жоба қасиетті өлкеге сапарлап, көзбен көргендей әсер бермейді. Сондықтан оқушыларға арналған рухани-танымдық сапарларды ұйымдастыру керек-ақ.



ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІ ҰЛЫҚТАДЫ

Балалар жылына орай елорданың іргесіндегі «Сарыжайлау» этнографиялық ауылында «Қара шаңырақ» ұлттық тәрбие беру мектебінің ұйымдастыруымен «Ашамайға мінгізу» дәстүрі көрсетілді. Тәрбие-тағылымы мол бұл іс-шараның басты мақсаты – ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрімізді қайта жаңғырту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу.

«Қазаққа ұл бала тәрбиесіне қатысты бұл дәстүрдің орны ерекше. Ұл бала – шаңырақ иесі, ертең елін қорғайтын азамат. Баланы ашамайға мінгізу дәстүрі оның өмірінде жауапты жаңа кезең басталғанын білдіреді. Сондай-ақ қайтпас қайсар, табанды, өнер-білімге құштар болып өсуіне ықпал етеді» дейді «Қара шаңырақ» ұлттық тәрбие беру мектебі жобасының авторы, әрі жетекшісі, «Сарыжайлау» жобасының қосалқы авторы Тұрар Шәкен.

Этнографиялық шараға «Елорда билер кеңесі» қоғамдық бірлестігі өкілдері Өтеген Айшуақов, Оспан

Сүлеймен, Жұмашәріп Шаһадатулы, ардагер ұстаз Қажымұрат Нәсіулы, «Тарихи атажұрт» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Үзбен Құрманбайұлы, Өркен Несіпбекұлы, ұлт құндылығын дәріптеуші Қаламшәріп Шаһадатулы, «Қазақстан дәуірі» газетінің, «Мөлдір бұлақ» журналының және «Елана» сайтының директоры, белгілі журналист Сәуле Мешітбайқызы, қоғам қайраткері, кәсіпкер Қанат Естек қатысты.

Қонақтар «Ашамай тойына» құр қол келмейті. Сәуле Мешітбайқызы күннен қуат алатын шамды, Асанхан Ысқақ ата көне бесікті,

Зәкия апа текеметті, Қажымұрат ата қамшыны, Қанат Естек кітаптары, Айдын Оқаұлы төр көрпелер сыйға тартты.

Ақсақалдар алғаш рет ат жалын тартып мініп, қолына қамшы ұстаған балаға бата берсе, ақ жаулықты әжелер шашу шашты. Құрбандыққа ақсарбас шалынып, құран оқылды. Дәстүрлі ән орындаушысы Дархан Қамашұлы ән шашуымен мереке көркін қыздырды. Келешегінен көп үміт күттіріп жүрген жалаңды жас Нұрислам Асқарұлы атты жетектеп жүрді. Жас балалар қонақтардың қолына су қойып, үлкендердің алғысын алды.



КЕҢЕС ӨКІМЕТІНЕ СЕНБЕГЕН

Хайретдин Болғанбаев – қазақ мемлекеттігінің дәстүрін жалғастырған Алаш қозғалысының белсенді мүшесі, халықаралық деңгейдегі қайраткер, ұлттық журналистика мен баспасөзінің іргетасын қалаушылардың бірі. Сонымен бірге еліміздің ағарту ісіне де өлшеусіз үлес қосқан тұлға.

Хайретдин Әбдірахманұлы Ақмола облысы Қорғалжын ауданына қарасты Жосалы ауылында туған. Әкесі Әбіш (Әбдірахман) көзі ашық діндар, қажы болған. Сондықтан баласын ауыл мектебінен кейін Орынбордағы Хусания (ауыз-екі нұсқасы – Хасение) медресесіне оқуға берген. Осында оқып жүріп, ол А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың жетекшілігімен шыға бастаған «Қазақ» газетіне мақала жаза бастаған. Жас шәкіртті ұлт, білім, елді ағарту тақырыбы толғандырған.



Хайретдин Болғанбаев үлкен ұлы Ерікпен

1916 жылы Ресей империясы Бірінші дүниежүзілік соғысқа араласқанда, Х.Болғанбаев қазақ солдаттарына қамқор топтың ортасында Беларусь майданында болған. Келесі жылы ақпан айындағы төңкерісте далада, суықта, аяз-боранда, аш-жалаңаш, ауру, жараланған он мыңдай қазақ сарбазын майданнан, Мәскеудің Брянск вокзал-жүк стансасынан пойызбен елге, Орал қаласына жеткізген. Сол жылғы төңкерістер кезеңінде Хайретдин Ташкентте М.Шоқай, С.Қожановпен бірлесіп «Бірлік туы» газетін шығарып, аталған басылманың 7-14 нөмірлеріне редакторлық еткен.

Х.Болғанбаев 1917-1918 жылдары Ақмолада Алаш комитетін құрып, төрағасы болған. 1919 жылы Түркістанда (Ташкент) жұмысшылардың ағарту одағының мүшесі, 1918-1920 жылдары Ташкентте оқу ісінің меңгерушісі, мұғалім, педагогикалық училищедің Т.Отарбаевқа сабақ берген, Б.Момышұлының ұстазына және қазіргі белгілі ғалымдар Қоңыратбаевтардың ата-әкесіне дәріс оқыған. 1921-1922 жылдары ТүрОАҚ-тың (ТурЦИК) сайлау ісі жөніндегі мүшесі болған.

1920 жылы ол басында Ахмет Байтұрсыновпен бірге «Ұшқын» газетінің, кейіннен аты «Еңбек туы» (қазіргі Egemen Qazaqstan) боп өзгерген осы басылманың алқа мүшесі болды. Желтоқсанда Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Смағұл Елубаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды ұлт қайраткерлерімен бірге «Қазақстан» мемлекеттік баспасының сарапшылар алқасына енді.

1921 жылы Х.Болғанбаев, М.Әуезов, Д.Әбділов Алашорда атынан бұқарада большевизмге қарсы қозғалыспен келіссөздер жүргізіп, «Түркістан ұлттық бірлігін» құруға және келешек тәуелсіз Түркістанның бағдарламасын жасауға тікелей атсалысқан екен. Елдегі ашаршылықпен күрес шаралары бастамашыларының ішінде болған. 1926 жылы Қорғалжын ауданының орталығын ұйымдастырған. Мұнда мектеп-интернат, екі аурухана, әкімшілік ғимараттар, үйлер салдырған. 1924-1928 жылдары Петропавлда губерниялық халық ағарту бөлімі меңгерушісінің орынбасары, педтехникум мен кеңес партия мектебінің мұғалімі, кеңес партия мектебі оқу бөлімі меңгерушісі қызметін атқарды. 1927 жылы белгілі агроном И.Аристовтың «Құрғаушылық бен жұтқа қарсы» ғылыми еңбегін қазақ тіліне аударған.

Х.Болғанбаев 1928 жылы 17 желтоқсанда «Ұшқын» ұйымына кірді деген айыппен тұтқындалды. Алматыда, кейін Мәскеудегі «Бутырка» түрмесіне 44 серіктестермен бірге жабылған.

Онымен бірге А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев және басқа да адамдар болған. Бұл туралы РФ ОГПУ-дың 78754 тергеу ісінде айтылған. Хайретдин Болғанбаев 1930 жылы 4 сәуірде ату жазасына кесіледі. Кейін іс қайта қаралып, он жылға сотталды. Архангельск, содан кейін Сыктывкарға, итжеккенге, он ай қысы бар, «солтүстіктің күн шұғыласы» аталған жердің түбіне айдалады. Әйелі Рахима Ғалиәкпарқызы сол жылы жазда артынан барып бірге болады. Үш кішкентай баласын өзімен бірге алып барады. Сонда Ерік – бесте, Гүлнәр – үште, ал Серік бір жарым жаста ғана болған. Көшті немере інісі Нұркіш бастап барады. Серік үш жасында суықтан ауырып, Сыктывкарда қайтыс болады. 1932 жылы осы қалада Мұрат дүниеге келеді.

1934 жылы түрмеден босаған соң өз елінде тұруға рұқсат берілмегендіктен, бақылау режимінде Алматыға жіберілген. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында сабақ бере бастайды. Бірақ ОГПУ оған бас қалада тұруға рұқсат бермей, сол кездегі Келес (Сауығаш) ауданына қарайтын Қапаланбек зооветтехникумында ұстаздық қызмет етуге жіберді. Осында 1937 жылы 21 сәуірде қайта ұсталады. Оған 1921 жылы Орынбор қаласында контрреволюциялық «Ұшқын» ұйымын құрып, Орта Азиядағы пантюркистік ұйымның бастығы Валидовпен байланыс жасағаны және 1927 жылы ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің секретары Голощекинге қастандық жасауға әрекеттенгені үшін деген жала тағылады. Ал 1937 жылы 21 қарашада Алматы облысының УНКВД шешімімен атылады. Алматы облысының Талғар ауданындағы Жаңалық ауылында жерленеді. Онымен бірге А.Байтұрсынов, І.Жансүгіров, Б.Майлин, О.Жандосов, С.Сейфуллин, жалпы 4121 адам жерленеді. Осы ауылда 2003 жылы мемориал кешені орнатылды.

Х.Болғанбаевтың еңбектері қоғамдық-саяси мәселелерге арналған. Ыстанбұл қаласында 1934 жылы И.Гаспринский туралы мақаласы түрік тілінде басылған. Оның есімі мен еңбегі Түркияда өмір сүрген башқұрт зиялысы З.Тоғанның кітаптарында айтылады.

2012 жылы 31 мамырда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні біз, ұрпақтары Кәмелтегі Жамбыл, Еркін, Құралай, Сәуле, Алмагүл, Камила, Зәуре, атамыздың жерленген жеріне барып, митингке қатысып, құран бағыштадық. Онда М.Шаханов, С.Сейдуманов, Б.Қойшыбай, С.Айтмағамбетова және басқалары да сөз сөйледі. Хайретдин Болғанбаев ұрпақтары атынан

біз де сөз сөйледік. Атамыз туған Жосалы жерінен топырақ апарып, мемориалға қойдық. Алматыда ағайын, нағашы, құда, көршіні жинап, ата-анамызға ас бердік.

Саналы ғұмырында Кеңес өкіметінің келешегіне сенбеген, Алаш мемлекеттігін құруды мұрат еткен Х.Болғанбаев туған жерінің жанашыры да бола биді. Ақмола облысын Сібір төңкеріс комитетінен (Омбы) алып, Қазақстанға қосуда орасан еңбек сіңірген.

Отбасына келсек, әйелі Рахима Ғалиәкпарқызы Халфина-Болғанбаева белгілі Ақмола көпестерінің әулетінен шыққан, олар Алаш қозғалысына қаржылай қамқорлық көрсетіп отырған. Анасы Мәнзура Ш.Әлихановтың қарындасы Бәдігүлден туған, әкесі Тәуке ханның ұрпағынан болған. Сталин қайтқаннан кейін 1953 жылы Рахима анамыз екі рет Хрущевке өтініш-хат жазып, атамыздың екі рет заңсыз репрессияға ұшырағанын айтқан. Ақталсын деп талап қойған. Содан Кеңес өкіметі Х.Болғанбаевты 1957 жылы 24 тамызда ақтады.

Балалары Ерік Хайретдинұлы ұзақ жыл Қаз ССР Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінде қызмет атқарған, Қонаевпен бірге жұмыс істеген. Қызы Гүлнәр халық ағарту ісінің үздік қызметкері, Ленин орденінің иегері, Қорғалжында Сабынды орта мектебінде ұзақ жыл мектеп директоры, аудан, облыс депутаты болған. Үкіметтің бастамасымен Нұр-Сұлтан қаласында Х.Болғанбаевтың 110, 120, 125 жыл толған мерейтойлары салтанатты түрде аталып өтті. Ақмол кентіндегі АЛЖИР мұражай-мемориалды кешенінде атамыздың фотопортреті, кітабы, өмірбаяны стендте орнатылған. Қорғалжын ауданының 90 жылдық мерейтойында аудан орталығында атамыздың суретімен үлкен темір баннер орнатылды. Осы мерейтойға орай кітап шықты, ішінде атамыздың, қызы Гүлнәр мен қүйеу баласы Тұяқ Кәмелұлының өмірбаяны, туған еліне қосқан еңбегі құрметпен жазылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желіде Х.Болғанбаев туралы бағдарламалар, хабарлар шығып тұрады. Мектеп оқушылары, студенттер, ғалымдар Х.Болғанбаев туралы ғылыми еңбек жазып, диплом жұмысын қорғаса, атамыздың құрметіне республикалық, халықаралық конференциялар ұйымдастырылып, жастармен, халықтар арнайы кездесулер өткізіледі. Туған мектебінде мемориалдық тақта орнатылған. Сабынды ауылында, Қорғалжын орталығында атамыздың атында көше бар. Енді Алматыда, елордада еңселі ескерткіші орнатылса нұр үстіне нұр болар еді.

Жамбыл КӨМЕЛ, «Хайретдин Болғанбай қоғамдық қорының» төрағасы

Тәуелсіз ел болғалы санамыздан өшіп, жоғалып кете жаздаған қазыналарымыз да табылып, олар халқымыздың игілігіне айналып, рухымыздың жаңғырып жатқаны қандай ғанибет! Менің айтып отырғаным – төл тарихымыздың түгенделуі.

ОН САН ЖҰРТҚА ОЛЖА САЛҒАН

Ал енді бәлен жыл патша отаршылығында болған, одан кеңес өкіметінің қыспағын көрген жұртымыздың өшкенін тірілту оңай шаруа емес екені белгілі. Осы орайда айрықша қызмет жасап жүрген азаматтарымыздың бірі, ел тарихының терең тамырларын аршып келе жатқан қаламгерлеріміздің бірегейі Тортай Сәдуақасов екені анық.

Автордың бұған дейін көбінесе өлең кітаптары жарық көрсе, кейінгі жылдары әрбір аймаққа қатысты еліміздің ұмыт болған тарихы, жер-судың ежелгі атаулары, аумақ тұрғындарының шежіре-деректері қамтылған өте құнды кітаптары басылып шықты. Басында мұны кейбіреулер тосырқай қабылдап, орыс деректері біздің жұрттың жай-жапсарын бұрмалап көрсетуі мүмкін деген теріс пиғылда болған секілді. Бірақ орыс шенеуніктері бұл деректердің бәрін әр ауылдың би, болысынан жазып алған, ол шенеуніктердің қайсыбірі Тоқтамыс, Ерден, Қоңырқұлжа, Тұрлыбек, Маңдай, Құнанбай, Алшынбай, Жайықбай, Шорманның Мұсасы секілді ел ағалары, өз қандастарымыз. Әйтпесе басқа қандай дәлме-дәл деректеріміз бар? Билеріміз қуалаңдырып, болыстарымыз бекітіп берген бұдан артық құнды құжаттар табылмас. Керісінше, бұрын анау айтты, мынау айттымен, дәлелсіз, жорамалмен қиыстырылып жүрген аңыз-әңгімелер, жас шамалары нақты болмағандықтан әртүрлі оқиғаға килігіп кететін кейбір тұлғалардың өмір жолы тиянақталып, жөніне келіп жатты. Соның арқасында бұл кітаптар елдің үлкен сұранысына ие болып, жұртшылыққа тез арада тарап кетті. Ауылдастар, таныстар ол дүниелерді бір-бірінен сұрап, қалап алып, қатпарлы тарихтың сырына қанығады. Осылайша текті жерден шыққан тегеурінді талант иесінің тарихи-танымдық туындылары туған елінің игілігіне айналды.

Тортайдың талмай талапанып, ерінбей еңбектеніп жүріп, мұрағат қойнауларынан іздеп тапқан, ескі кітаптар мен көне қолжазбалардан сүзіп алған жәдігерлері Қазақстанның талая аймағының, соның ішінде атап айтатын болсақ, өзіміздің Ақмола, Көкшетау, сол секілді Қызылжар, Омбы, Қарағанды, Ұлытау, Алатау өңірлерінің ел мен жер тарихындағы энциклопедиялық анықтамалығы деуге болады. Бұл орайда оның «Назарбай би және туған өлке тарихы» (2000), «Ел мен жер» (2003), «Абылай хан мен Ата-лық» (2005) өлең, зерттеу кітаптары; Ақмола, Қарағанды, Семей, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарының өткен тарихына арналған «Астана аймағы» (2008), Бурабай, Зеренді, Бұланды, Еңбекшілдер, бұрынғы Чкалов аумақтарының ел-жұрты туралы «Шортанкөл орталығында атамыздың атында көше бар. Енді Алматыда, елордада еңселі ескерткіші орнатылса нұр үстіне нұр болар еді.

Ал енді бәлен жыл патша отаршылығында болған, одан кеңес өкіметінің қыспағын көрген жұртымыздың өшкенін тірілту оңай шаруа емес екені белгілі. Осы орайда айрықша қызмет жасап жүрген азаматтарымыздың бірі, ел тарихының терең тамырларын аршып келе жатқан қаламгерлеріміздің бірегейі Тортай Сәдуақасов екені анық.

Автордың бұған дейін көбінесе өлең кітаптары жарық көрсе, кейінгі жылдары әрбір аймаққа қатысты еліміздің ұмыт болған тарихы, жер-судың ежелгі атаулары, аумақ тұрғындарының шежіре-деректері қамтылған өте құнды кітаптары басылып шықты. Басында мұны кейбіреулер тосырқай қабылдап, орыс деректері біздің жұрттың жай-жапсарын бұрмалап көрсетуі мүмкін деген теріс пиғылда болған секілді. Бірақ орыс шенеуніктері бұл деректердің бәрін әр ауылдың би, болысынан жазып алған, ол шенеуніктердің қайсыбірі Тоқтамыс, Ерден, Қоңырқұлжа, Тұрлыбек, Маңдай, Құнанбай, Алшынбай, Жайықбай, Шорманның Мұсасы секілді ел ағалары, өз қандастарымыз. Әйтпесе басқа қандай дәлме-дәл деректеріміз бар? Билеріміз қуалаңдырып, болыстарымыз бекітіп берген бұдан артық құнды құжаттар табылмас. Керісінше, бұрын анау айтты, мынау айттымен, дәлелсіз, жорамалмен қиыстырылып жүрген аңыз-әңгімелер, жас шамалары нақты болмағандықтан әртүрлі оқиғаға килігіп кететін кейбір тұлғалардың өмір жолы тиянақталып, жөніне келіп жатты. Соның арқасында бұл кітаптар елдің үлкен сұранысына ие болып, жұртшылыққа тез арада тарап кетті. Ауылдастар, таныстар ол дүниелерді бір-бірінен сұрап, қалап алып, қатпарлы тарихтың сырына қанығады. Осылайша текті жерден шыққан тегеурінді талант иесінің тарихи-танымдық туындылары туған елінің игілігіне айналды.



отырады. Керісінше, Арқа жұртында Қарасай, Қараша, Қанай, Қойсоймас атты ел ағалары ұшырасады. Бізге мәлім болған Қарасай батырға қатысты тарихи құжаттардың бір алуаны осындай. Олай болса Қарасай батыр өткен Қаратөке, Көкшетау жеріне елорданың орнауында да осындай бір тарихи сабақтастық бар сияқты. Аталар дәстүріне зер салсақ, ел мен елдің мұндай үйірлестігі қазақ жұртының тұтастығын сақтаудан, жалпы мемлекеттік мүддені көздеуден туындайтынына көзіміз жетеді. Жетісу жері қалмақ басқыншыларынан азат етілгеннен кейін де Алатау мен Көкшетаудың арасындағы байланысы үзілмеген. Одан соңғы жерде Қытаймен, Қырғызбен, Қоқанмен тең дәрежеде иық тіресеуге, қалың Найманның қабырғалы сұлтаны Әбілпейізбен бірдей деңгейде болуға Ұлы жүзге Абылайдың құзыреті қажет болды. Жалайыр, Албан-Суан, Дулат, Шапырашты руларының би-бағландарының сұрауымен Абылайдың Әділ деген баласы Жетісуға сұлтан болып сайланғаны тарихтан белгілі. Осы Әділдің және оның балаларының арқасында Алатау мен Көкшетаудың арасындағы байланыс қайтадан жанданып, дами түседі.

Әңгіме арқауы тек Алатауға ғана тіреліп қалмайды. Біріншіден, Көкшетау өңірі – Абылай ханның ордасы, сол тұстағы орталық. Екіншіден, Атығай-Қарауыл елі ол кезде Ұлытауға қарай жайлауға шығады екен, одан әрі Шуға дейін баратын болған. Жан-жақтан жиналған ел араласады-құраласады, құдандалы болады, бауыр басады. Сол тұста Шу өңірінен бірнеше үй қоныс аударып, Бағыс, Даңқой-Әйтімбет әулетіне бауыр басқан. Қатар қонған олар қазір де Кіндікқарағай, Мапыраштан 5-6 шақырым жерде жайғасып отыр. Осылайша болашақ Балуан Шолақтың ауылы, Сәмбет ауылы ірге көтереді. Бұл аймақта еншілес болып қосылған елдің елеулі бөлігі – Қырғыз ағайындар. Олардың бір бөлігі Абылай заманынан бұрын, енді бір бөлігі сол тұстан бері осында бауыр басқан.

Одан басқа оңтүстіктен қоныс аударған Тарақтылар тағы бар. Қызылқұман Атығай-Қарауылмен бірге көшкен Әйтімбет ішіндегі Алшындар, Керейіттер туралы да осылай деуге болады. Ертедегі сауда-саттық жолының бір тармағы – осы маң. Кезінде Қоқанмен саудагері Кенжебай деген керуенбасы да осы жерді басып өтетін болған. Осының

бәрі ел тарихының тұтасып жатқанын көрсетеді. Өзіміздің Арқа өңірінің, Көкшетау мен Қызылжардың, Қарағанды мен Ақмоланың толайым тарихын Тортай Сәдуақасов бірнеше жинағында таратып жазады. Онда әр ауылдың, әр қыстаудың аты мен заты, биі мен старшыны, тұрмыс жағдайы, қонған жұртының құрамы түгел көрсетілген. Мұның бәрі үлкенге де, кішіге де, әкімшіліктер мен мәдениет, ағарту мекемелеріне де қажетті рухани мұралар. Түйіндеп айтқанда, біреулер байлық қуып, қабат-қабат үй салып, біреулер қос-қостан әйел алып, біреулер шетелге шапқылап жатқан нарық заманында, халқының рухани қамын ойлап, құла түзден құндылық іздеп, алты алашына ой салып, он сан жұртқа олжа салып жүрген Тортай Сәдуақасов сол туған жұртының құрметіне де ие болды. Ұлт мүддесін көздеп жазған, жоғарыда атап өткен кітаптарын еліміздің кітапханаларынан алып оқуға кеңес беремін, өйткені мол мұралы шығармаларын бір мақалаға бағындыру мүмкін емес.

Қайырбек ОСПАНОВ, өлкетанушы

ДҮЙСЕНБІ

1 ТАМЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Жадігер»
6:30 «Теледәрігер»
7:30 «Мәсеіе»
8:10 «Көңіл толқыны»
9:25 «Жібек». Мультхикая.



5:00 «ДАВАЙ НАЙДЕМ ДРУГ ДРУГА»
7:00 «ОЯН!»
10:00 МЕГАХИТ. «ТАКТИЧЕСКАЯ СИЛА»
12:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
12:10 ТЕЛЕХИКАЯ. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 2»



06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:20 «Кеш келген махаббат»
11:20 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы



6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН
07:35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ»
08:20 «АҚ МАМА», реали-шоу
09:25 «ЧУМА», криминальная драма

23.40 «КУРОРТ ЦВЕТА ХАКИ»
01.30 «ИГРА. РЕВАНШ»
02.10 «САОДАТ»
03.15 «КӨРІПКЕЛ» (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР



06:00 Әзіл студия
06:30 «Жазықсыз жандар»
07:00 Ризамын
07:30 «31 әзіл»
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»



06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат»
11:20 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 ОЯН, QAZAQSTAN Music
07:20 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:20 Т/х «Жаңа қоныс»



06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:20 «Кеш келген махаббат»
11:20 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТИСТЕР» (каз.)
08:45 «Күлкі базар» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

2 ТАМЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Жадігер»
6:30 «Теледәрігер»
7:30 АҚРАРАТ
8:00 «Көңіл толқыны»



06:00 Әзіл студия
06:30 «Жазықсыз жандар» деректі фильм
07:00 Ризамын
07:20 Информбюро (повтор)
09:20 Индийский сериал «Ханшайым»



06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат»
11:20 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 ОЯН, QAZAQSTAN Music
07:20 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:20 Т/х «Жаңа қоныс»
09:00 Шоу «Маска»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТИСТЕР» (каз.)
08:45 «Күлкі базар» (каз.)

СӘРСЕНБІ

3 ТАМЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Жадігер»
6:30 «Теледәрігер»
7:30 АҚРАРАТ
8:00 «Көңіл толқыны»



5:00 «ДАВАЙ НАЙДЕМ ДРУГ ДРУГА», «ОДИН СУНДУК НА ДВОИХ»
7:00 «ОЯН!»
10:00 МЕГАХИТ. «ДОЖИТЬ ДО УТРА»



06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат»
11:20 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы

14:30 «103» телесериал
15:00 «Громы. Дом надежды»
16:00 «Вопреки всему» телесериал
17:00 «Жан олжа» бағдарламасы
17:35 «Кішкентай келін»



6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»



07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН
07:35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ»
08:20 «АҚ МАМА», реали-шоу
09:25 «ЧУМА», криминальная драма



06:00 Әзіл студия
06:30 «Жазықсыз жандар» деректі фильм
07:00 Ризамын
07:30 Информбюро (повтор)
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 ОЯН, QAZAQSTAN Music
07:20 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08:20 Т/х «Жаңа қоныс»

19:30 Х/с «Балабол»
22:00 Т/х «Жараланған жүректер»
23:00 Т/х «Аяла мені»
23:50 Х/с «Полицейский с Рублевки»
01:00 Шоу «Маска»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТИСТЕР» (каз.)
08:45 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Күлкі базар» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

4 ТАМЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Жадігер»
6:30 «Теледәрігер»
7:30 АҚРАРАТ
8:00 «Көңіл толқыны»



06:00 Әзіл студия
06:30 «Жазықсыз жандар» деректі фильм
07:00 Ризамын
07:30 Информбюро (повтор)
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»



06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат»
11:20 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ



БІРЫҢҒАЙ МЕКТЕП ҮЛГІСІ

Бұл сурет 1971 жылы Целиноград қаласының бір үлгілі мектебінен түсірілген. Мұнда 7-сыныптың қыздары мектепке бірыңғай оқушы формасын киіп келіп, салтанатты жиналысқа бет алған сәті.

Ол кезде сабаққа ақ бантик тағып, ақ фартук, ақ шұлық киіп келу оқушы қыздар үшін қатаң тәртіп болған. Бүгінде заман өзгерді, оқушылардың мектепке кетін киімдері де басқаша. Шәкірттер де өздерін еркіндеу сезінетін сияқты.



7

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
 7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
 8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
 9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
 10:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
 11:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
 12:05 «ОТЧАЯНЫЕ»
 13:05 «СЕМЕЙНЫЙ АЛЬБОМ»
 14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
 14:30 «QOSLIKE» КҮНДЕЛІКТЕР
 18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
 19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
 20:35 «РЕАЛИЗАЦИЯ 2»
 0:50 Ночной кинотеатр. «УЗКИЙ МОСТ»
 2:10 «П@УТИНА» бағдарламасы
 2:55 ЖАҢАЛЫҚТАР
 3:05 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
 3:50 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
 4:15 «П@УТИНА» бағдарламасы

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
 07:35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
 08:20 «АҚ МАМА», реали-шоу
 09:25 «ЧУМА», криминальная драма
 11:20 «КУРОРТ ЦВЕТА ХАКИ»
 13:10 «ШЕФ»
 15:00 «КӨРІПКЕЛ»
 15:50 «САОДАТ», өзбек телехиқаясы.
 17:30 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехиқаясы.
 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
 21:30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
 23:40 «КУРОРТ ЦВЕТА ХАКИ»
 01:30 «ИГРА. РЕВАНШ»
 02:10 «САОДАТ»
 03:15 «КӨРІПКЕЛ» (қайталау)
 04:00-04:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

31

06:00 Әзіл студия
 06:30 «Жазықсыз жаңдар» деректі фильм
 07:00 Ризамын
 07:30 Информбюро (повтор)
 08:30 Индийский сериал «Ханшайм»
 09:30 «Зейнеп» түрік телехиқаясы (повтор)
 10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
 11:00 Т/сериал «Отель Элзон» (повтор)
 12:00 Т/сериал «Отель Элзон» (повтор)
 13:10 «Дәниш-ценной пёс» (повтор)
 15:20 «Близнецы» (повтор)
 17:50 «Хроники Хуаду: Лезвие розы»
 20:00 Информбюро (рус/каз)
 21:00 «Зейнеп» түрік телехиқаясы (повтор)
 21:55 «Особо тяжкое преступление»
 00:10 «Ханшайм» (повтор)
 01:00 What's up
 02:00 Сериал «Базарбаевтар»
 02:40 Әзіл студия
 03:30 1001 Әзіл
 04:00 BALA BATTLE
 04:30 What's up?
 05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 ОЯН, QAZAQSTAN Music
 07:20 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
 08:20 Т/х «Жаңа қоныс»
 09:00 Шоу «Маска»
 11:00 Х/с «Балабол»
 13:20 Т/х «Тақиясыз періште»
 14:00 Т/х «Жаңа қоныс»
 14:40 Т/х «Жараланған жүректер»
 15:40 Т/с «Гадалка»
 16:10 Х/с «Полицейский с Рублевки»
 17:20 Х/с «Женский доктор»
 19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
 19:30 Х/с «Балабол»
 22:00 Т/х «Жараланған жүректер»
 23:00 Т/х «Ала мені»
 23:50 Х/с «Полицейский с Рублевки»
 01:00 Шоу «Маска»
 02:30 ОЯН, QAZAQSTAN Music
 03:00 Т/п «Тамаша»
 04:00 Т/х «Япырай»
 05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07:00 «Разминка» (каз/рус)
 07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
 08:00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТИСТЕР» (каз.)
 08:45 «Күміл базар» (каз.)
 09:05 «Екі өзү» (каз.)
 09:40 «ДРАКОНЫ И ВСАДНИКИ ОЛУХА»
 10:00 «БОСС-МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ» (мультипликация)
 10:25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Бразилия)
 11:25 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
 12:20 «ВНЕ ВРЕМЕНИ»
 15:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
 19:00 Телехиқая «Ауылдастар» (каз.)
 20:00 Телехиқая «Көзайым» (каз.)

21.00 «АМУНДСЕН»
 23.30 «РЕТІЙ ЛІШНИЙ»
 01.30 «ГДЕ ЛОГИКА?»
 02.20 Телехиқая «Көзайым» (каз.)
 03.10 «Опмай, Опмай» (каз.)
 03.50 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
 04.10 – 05.00 Әзіл-күміл бағдарламасы «Екі өзү» (каз.)

ЖҰМА

5 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
 6:05 «Жәдігер»
 6:30 «Теледәрігер»
 7:30 АҚРАРАТ
 8:00 «Көңіл толқыны»
 8:20 «Сақшы Арыстан». Мультхиқая.
 9:00 «Таншолпан». Телехиқая.
 10:00 АҚРАРАТ
 10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехиқая.
 12:00 «Ақжауын». Телехиқая.
 13:10 «Ақжауын». Телехиқая.
 14:10 «Қызық екен...»
 15:00 «Тұлға». Деректі фильм
 15:35 «Ауылдастар»
 16:00 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехиқая.
 17:15 «Сақшы Арыстан». Мультхиқая.
 18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехиқая.
 20:00 АҚРАРАТ
 20:30 «Ақжауын». Телехиқая.
 22:30 «ӨМІР БІЗҒАРЫ». Телехиқая.
 23:30 «Егіз лебіз»
 1:10 АҚРАРАТ

7

5:00 «Один сундук на двоих», «Акаварели»
 7:00 Тұсауәкерлі Тикелей эфирде «Он!»
 10:00 Мегахит. «Нокаут»
 12:00 Жаңалықтар
 12:10 Телехиқая. «Палещевертер 2»
 13:00 Новости
 13:10 Телехиқая. «Бақталас»
 15:00 «Алтыбақан»
 16:00 Телесериал. «Акаварели»
 18:00 Мегахит. «Линия Родства»
 20:00 Қорытынды жаңалықтар
 20:30 «Қыран текті» Талғат Бигелдинов
 21:00 Итоги дня
 21:30 Телехиқая. «Басеке»
 22:30 Телехиқая. «Бәзәрбаевтар»
 0:00 Телехиқая. «Егіз жүрек»

ASTANA TV

06:00 «Фазилет ханым» телехиқаясы
 07:00 «Маша и медведь» М/ф
 09:00 «Кеш келген махаббат»
 11:20 «Қызғалдақ» түрік телехиқаясы
 12:20 «Чосонның жаңа күні»
 13:40 «Киелі бесік» телехиқаясы
 14:30 «103» телехиқаясы
 15:00 «Громовы. Дом надежды»
 16:00 «Вопреки всему» телесериал
 17:00 «Жан олжа» бағдарламасы
 17:35 «Кішітен келін»
 18:30 «ЕНЕ» үнді телехиқаясы
 19:25 «DiNaZaig» телехиқаясы
 20:00 «Astana times»
 20:30 «Жарық сәулесі» телехиқаясы
 21:00 «Жылама, ана»
 21:55 «Кеш келген махаббат»
 23:50 «Чосонның жаңа күні»
 01:25 «Вопреки всему» телесериал

7

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
 7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
 8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
 9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
 10:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
 11:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
 12:05 «ОТЧАЯНЫЕ»
 13:05 «СЕМЕЙНЫЙ АЛЬБОМ»
 14:10 «НОВОСТИ»
 14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
 14:30 «QOSLIKE» КҮНДЕЛІКТЕР
 18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
 СУБИТРАМИ
 19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» С СУБИТРАМИ
 20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
 21:55 «БЕРЕЗОВАЯ РОЩА 2»
 2:10 «П@УТИНА» бағдарламасы
 2:55 ЖАҢАЛЫҚТАР
 3:05 «П@УТИНА» бағдарламасы
 3:50 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
 4:35 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
 07:35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
 08:20 «АҚ МАМА», реали-шоу
 09:25 «ЧУМА», криминальная драма
 11:20 «КУРОРТ ЦВЕТА ХАКИ»
 13:10 «ШЕФ»
 15:00 «КӨРІПКЕЛ»

31

15:50 «САОДАТ», өзбек телехиқаясы.
 17:30 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехиқаясы.
 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
 20:00 «КТКweb»
 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
 21:30 «ИГРА В СУДЬБУ», мелодрама.
 01:40 «ИГРА. РЕВАНШ»
 02:20 «САОДАТ»
 03:35 «КӨРІПКЕЛ» (қайталау)
 04:20-04:50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

31

06:00 Әзіл студия
 06:30 «Жазықсыз жаңдар» деректі фильм
 07:00 Ризамын
 07:30 Информбюро (повтор)
 08:30 Индийский сериал «Ханшайм»
 09:30 «Зейнеп» түрік телехиқаясы (повтор)
 10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
 10:50 Т/сериал «Отель Элзон» (повтор)
 12:00 Т/сериал «Отель Элзон»
 13:00 «Хроники Хуаду: Лезвие розы»
 15:35 «Особо тяжкое преступление» (повтор)
 17:55 «Жақда смерти» (повтор)
 20:00 Информбюро (рус/каз)
 21:00 «Зейнеп» түрік телехиқаясы
 21:55 «Обитель зла 3»
 00:00 Индийский сериал «Ханшайм»
 01:00 Сериал «Базарбаевтар»
 01:40 1001 Әзіл
 02:00 «31 әзіл»
 03:00 Әзіл студия
 04:30 What's up?
 05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 ОЯН, QAZAQSTAN Music
 07:20 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
 08:20 Т/х «Жаңа қоныс»
 09:00 Шоу «Маска»
 11:00 Х/с «Балабол»
 13:20 Т/х «Тақиясыз періште»
 14:00 Т/х «Жаңа қоныс»
 14:40 Т/х «Жараланған жүректер»
 Тұсауәкерлі
 15:40 Т/с «Гадалка»
 16:10 Х/с «Полицейский с Рублевки»
 17:20 Х/с «Женский доктор»
 18:30 «Айбат»
 19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
 19:30 Х/с «Балабол»
 22:00 Т/х «Жараланған жүректер»
 23:00 Т/х «Ала мені»
 23:50 Х/с «Полицейский с Рублевки»
 01:00 Шоу «Маска»
 02:30 ОЯН, QAZAQSTAN Music
 03:00 Т/п «Тамаша»
 04:00 Т/х «Япырай»
 05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07:00 «Разминка» (каз/рус)
 07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
 08:00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТИСТЕР» (каз.)
 08:45 «Күміл базар» (каз.)
 09:05 «Екі өзү» (каз.)
 09:40 «ДРАКОНЫ И ВСАДНИКИ ОЛУХА»
 10:00 «БОСС-МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ» (мультипликация)
 10:25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Бразилия)
 11:25 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
 15:00 «АМУНДСЕН»
 15:45 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
 19:00 Телехиқая «Ауылдастар» (каз.)
 20:00 Телехиқая «Көзайым» (каз.)
 21:00 «ВЫСТРЕЛ В ПУСТОТУ»
 23:20 «ИДЕАЛЬНЫЙ НЕЗНАКОМЕЦ»
 01:20 «ГДЕ ЛОГИКА?»
 02:10 Телехиқая «Көзайым» (каз.)
 02:50 «Опмай, Опмай» (каз.)
 03:30 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
 04:00 – 05.00 Әзіл - күміл бағдарламасы «Екі өзү» (каз.)

СЕНБІ

6 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
 6:05 «Жәдігер»
 6:30 «Теледәрігер»
 7:30 АҚРАРАТ
 8:00 «Дәуір даналары». Деректі фильм
 8:45 «Көңіл толқыны»
 9:20 Дисней ұсынады: «Сақшы Арыстан». Мультхиқая.
 10:00 «Гүлдер құпиясы». Телехиқая.
 12:00 «Әзіл әлемі»
 14:10 «ОЙЫНШЫҚТАР ХИКАЯСЫ 2».
 15:40 «Достығымыз жарасқан». Концерт
 17:35 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ
 18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехиқая.
 19:50 «ТИТАНИК».

7

23:00 «ӨМІР БІЗҒАРЫ». Телехиқая.
 1:10 «Көңіл толқыны»
 1:50 Деректі фильм
 2:10 «Теледәрігер»
 3:00 «Дәуір даналары». Деректі фильм

7

5:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «АКВАРЕЛИ»
 7:00 ТЕЛЕХИҚАЯ МАРАФОНЫ. «КӨРШІЛЕР»
 9:00 ТАРИХ. ТАҒДЫР. ТҰЛҒА
 10:00 «TANGY FRESH»
 10:30 «ӘН ӘЛЕМІ»
 11:00 КИНО. «КЕНЖЕ»
 12:45 ТЕЛЕХИҚАЯ МАРАФОНЫ. «БӘСЕКЕ»
 16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «АКВАРЕЛИ»
 18:00 МЕГАХИТ. «ПОЛНОЧЬ НА ЗЛАКОВОМ ПОЛЕ»
 20:00 «AITYSTAR»
 22:00 КОНЦЕРТ. «ЖҮЛДЫЗДАР ҚҰТТЫҚТАЙДЫ»
 0:00 ТЕЛЕХИҚАЯ. «БАҚТАЛАС»

ASTANA TV

06:00 «Фазилет ханым» телехиқаясы
 07:00 «Маша и медведь» М/ф
 09:00 «Кеш келген махаббат»
 11:20 «Шаншар»
 15:30 «Громовы» телесериал
 19:00 «Я - Женик» худ. фильм
 21:00 «Жылама, ана» түрік телехиқаясы
 21:55 «Кеш келген махаббат» үнді телехиқаясы
 00:15 «103» телесериал
 01:50 «Үздік әзілдер»

7

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
 7:35 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
 8:05 «П@УТИНА» бағдарламасы
 9:00 «ЖЕНА ПО ОБМЕНУ»
 13:10 «БЕРЕЗОВАЯ РОЩА 2».
 Многосерийный фильм
 16:50 «ӘКЕМІЗГЕ ҚАЛЫҢДЫҚ» бағдарламасы
 18:00 «П@УТИНА»
 18:55 Евгений Антропов, Андрей Смоляков, Любовь Аксенова в фильме «ГРЕШНИК»
 20:45 Александр Ратников, Наталия Солдатова, Оксана Сташенко в многосерийном фильме «ТЕЩИНЫ БЛИЗНІ»
 0:40 Ночной кинотеатр. «ПИРАТЫ XX ВЕКА»
 2:20 «П@УТИНА» бағдарламасы
 3:05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
 4:35 «ӘКЕМІЗГЕ ҚАЛЫҢДЫҚ» бағдарламасы

КТК

07:05 «ҮЛКЕН ҮЙ», отандық телехиқая
 07:30 «БІЗДІҢ КОНЦЕРТ»
 08:30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реали-шоу
 09:20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
 10:30 «ИГРА В СУДЬБУ», мелодрама (повтор)
 15:00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехиқаясы.
 18:00 «ОZAT OTCACЫ», ток-шоу
 19:00 «СОҒАДЫ ЖҮРЕК», Мұқағали Мақатаевті еске алу кеші
 21:00 «БҮДЬ ЧТО БУДЕТ», мелодрама.
 00:50 «ИГРА. РЕВАНШ», остросюжетный детектив (повтор)
 02:20 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехиқаясы (қайталау)
 03:45-04:30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

31

06:00 Әзіл студия
 07:00 Татті шоу
 08:00 «31 әзіл»
 09:00 «Күліп ALL»
 09:30 Готвим с Адель (повтор)
 10:00 КИНО. «Мерген»
 12:30 Алдараспан (повтор)
 15:00 Анимационный фильм «Приключения Тинтина. Тайна Единорога»
 17:30 КИНО. Нурлан Коныбаев в комедии «Бизнес по-казахски»
 19:30 КИНО. Адам Сэндлер в фантастической комедии «Пиксели»
 21:30 КИНО. Алисия Викандер в приключенческом боевике «Tomb Raider: Лара Крофт»
 00:00 «Bizdin show» (повтор)
 01:50 «31 әзіл»
 02:30 Тамаша live
 03:30 Әзіл студия
 04:00 1001 Әзіл
 04:30 Ризамын
 05:00 «31 әзіл»
 05:30 What's up?

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 Jaidarman
 08:00 Т/п «Регина+1»
 09:00 Т/п «Орда и решка»
 10:00 Х/с «Всё сначала»
 14:30 К/ф «Әйгерім»
 17:00 Т/х «Тақиясыз періште»
 18:30 Шоу «Удивительные люди»
 21:00 Х/ф «Сила стихии»
 23:00 Шоу «Ну-ка все вместе»
 01:30 Шоу «Удивительные люди»
 03:00 Т/х «Тақиясыз періште»
 04:30 Т/п «Регина +1»
 05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07:00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
 08:20 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
 09:20 «Екі өзү» (каз.)
 09:50 «ЛЮК-ПУТЕШЕСТВЕННИК ВО ВРЕМЕНИ» (анимационный сериал)
 11:00 «БОЛЬШОЙ ТОЛСТЫЙ ЛЕЖЕ»
 13:10 «ПРИКЛЮЧЕНИЯ МИСТЕРА ПИБОДИ И ШЕРМАНА» (анимационный фильм)
 15:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
 19:00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
 20:00 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (каз.)
 21:00 «БЕЛОСНЕЖКА И ОХОТНИК 2» (фантастический боевик, Крис Хемсворт, Шарлиз Терон, Эмили Блант)
 23:10 «ОХОТНИК НА МОНСТРОВ» (фантастический боевик, Милла Йовович, Тони Джа, Рон Перлман)
 01:10 «ШОССЕ СМЕРТИ» (триллер, Джеймс Кэвезли, Рона Митра)
 02:30 «ТАВОО» (каз.)
 03:30 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
 04:10 – 05.00 «Екі өзү» (каз.)

ЖЕКЕСЕНБІ

7 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
 6:05 «Жәдігер»
 6:30 «Теледәрігер»
 7:30 «Зинһар»
 8:05 «Көңіл толқыны»
 8:30 «Ойыншықтар хикаясы 2».
 10:00 «Гүлдер құпиясы». Телехиқая.
 12:00 «Рақмет саған, туған елі». «МузАрт»
 13:15 «Титаник»
 16:30 «АҢҒЫЗ БОЛ. КІШІ БИГУФТ».
 18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехиқая.
 20:00 «ТІРШІЛІК»
 20:35 «Атамекен» Ескендір Хасанғалиевті еске алу кеші
 22:30 «ӨМІР БІЗҒАРЫ». Телехиқая.
 23:30 «Әзіл әлемі»
 1:10 «Теледәрігер»
 2:00 «Зинһар»
 2:45 «Тіршілік»
 3:15 «Ауылдастар»

7

5:00 Телесериал. «Акаварели»
 7:00 Телехиқая марафоны. «Көршілер»
 9:00 «Жұлдыздар құттықтайды» сериал
 11:00 Кино. «Кенже»
 12:45 Телехиқая марафоны. «Басеке»
 16:00 Телесериал. «Акаварели»
 18:00 Мегахит. «Полночь на злаковом поле»
 20:00 «Aitustar»
 22:00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
 23:00 Телехиқая. «Бақталас»

ASTANA TV

06:00 «Фазилет ханым» телехиқаясы
 07:00 «Маша и медведь» М/ф
 09:30 «Кеш келген махаббат»
 11:20 «Күлпәштік хикаялары» сериал
 15:10 «Алдараспан»
 19:40 «Тік-Ток хаус» телехиқаясы
 21:00 «Жылама, ана»
 21:55 «Кеш келген махаббат»
 23:35 «Т. Женик» худ. фильм
 01:40 «Тік-Ток хаус» телехиқаясы
 02:50 «Үздік әзілдер»

7

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
 7:25 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
 7:55 «П@УТИНА» бағдарламасы
 8:50 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
 9:00 «ТЕЩИНЫ БЛИЗНІ».
 12:50 «АПАЛА НАПРОКАТ»
 16:50 «ӘКЕМІЗГЕ ҚАЛЫҢДЫҚ» бағдарламасы

18:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
 18:55 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
 20:30 Юрий Колокольников, Настя Задорожная, Артём Осипов, Ольга Смирнова в многосерийном фильме «БЕСЦЕННАЯ ЛЮБОВЬ»
 0:45 «ТРИ АККОРДА»
 2:30 «П@УТИНА» бағдарламасы
 3:15 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
 4:45 «ӘКЕМІЗГЕ ҚАЛЫҢДЫҚ» бағдарламасы

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
 07:35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
 08:20 «АҚ МАМА», реали-шоу
 09:25 «ЧУМА», криминальная драма
 11:20 «КУРОРТ ЦВЕТА ХАКИ»
 13:10 «ШЕФ»
 15:00 «КӨРІПКЕЛ»
 15:50 «САОДАТ», өзбек телехиқаясы.
 17:30 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехиқаясы.
 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
 21:30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
 23:40 «КУРОРТ ЦВЕТА ХАКИ»
 01:30 «ИГРА. РЕВАНШ»
 02:10 «САОДАТ»
 03:15 «КӨРІПКЕЛ» (қайталау)
 04:00-04:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

31

06:00 Әзіл студия
 07:00 Тамаша live
 08:00 «31 әзіл»
 08:30 «Күліп ALL» (повтор)
 09:00 TeleBingo. Прямой эфир
 09:25 Готвим с Адель
 10:00 Ералаш
 10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
 11:00 «Приключения Тинтина. Тайна Единорога» (повтор)
 13:30 «Бизнес по-казахски» (повтор)
 15:40 КИНО. Адам Сэндлер в фантастической комедии «Пиксели»
 17:50 КИНО. Алисия Викандер в приключенческом боевике «Tomb Raider: Лара Крофт» (повтор)
 20:20 КИНО. Тейлор Расселл в триллере «Клаустрофобия»
 22:20 «Алдараспан»
 01:00 КИНО. «Мерген» (повтор)
 02:40 Тамаша live
 03:30 What's up?
 04:00 1001 Әзіл
 04:30 Ризамын
 05:00 «31 әзіл»
 05:30 What's up?

7

6:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 Алишер Каримов «15 жыл сахнада»
 09:00 Шоу «Музыкальная интуиция»
 11:10 Х/ф «Сила стихии»
 13:10 Скетчком «Q-елі»
 15:20 Ернар Айдардың Қазақтың жігітері

№88 (4366) 28/07/2022 Бейсенбі

МЫҢНАН АСА ШАРА ӨТКІЗДІ

Нұр-Сұлтан қаласы Мәдениет басқармасының орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қаладағы 18 кітапхана қарайды. Биылғы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша оларда кітапхана қоры 742106 кітапты құрады. Осы уақыт аралығында 341816 келуші тіркелді. Оқырмандар саны – 52764 адам. Өткізілген іс-шаралар саны – 1001.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

С ондай іс-шаралардың қатарында «Елорда – KітаpTime» кітап көрме-жәрмеңкесін атап өтуге болады. Аталмыш іс-шараны қолдау барысында Нұр-Сұлтан қаласы

орталықтандырылған кітапханалар жүйесі оқырмандар арасында кітап алмастыруды заманның сәніне айналдыру; әртүрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру; күнделікті өмірдегі әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу; әлемді үлкен кітапханаға айналдыру мақсатында «Әлемді үлкен кітапханаға айналдырамыз» атты BookCrossing

ұйымдастырды.

BookCrossing – те оқырмандар мен қала тұрғындарына тегін кітаптар алмастырылумен қатар, кітапхана қорында бар аудио, дыбысты кітаптар мен инновациялық сөйлейтін қалам, балалармен қоса ересектердің де сүйікті кітабына айналған Гарри Поттердің қазақша, орысша еңбектерінің бұрышы да қонақтардың на-

зарына ұсынылды. Гарри Поттер кейіпкерін сомдағанмен естелік суреттерге түсу ұйымдастырылды.

BookCrossing-ке астана тұрғындары мен оқырмандардан бөлек Мәдениет және спорт министрінің кеңесшісі, ақын Мирас Асан, алаштанушы, абайтанушы ғалым Тұрсын Жұртбай, балалар әдебиетінің өкілдері Толымбек Әбдірайым, О.Сүлеймен, Үнді елшілігінің I-хатшысы Санджай Веди және Өзбекстан, Ирландия елшіліктері мен жас қаламгерлер қатысты. Осындай ауқымды іс-шараны асыға күткен оқырман қауымның қарасы да аз болмады. Кеш батқанға дейін кітап алмастырып, керегін іздеп, әбден шөлдеген оқырмандар алғыстарын жаудырып, жарқын көңіл-күймен қайтты.

Сондай-ақ орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасы Қазақстанның Халық жазушысы, көрнекті ақын, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың 80 жасқа толуына орай «Рух пен тіл» атты Шаханов оқуларын өткізді. Іс-шарада өз елінің намысын ту қып ұстаған, ұлт мүддесін қорғаушы қайсар ақынның рухты мен отты жырлары оқылды. Мұхтар Шахановтың махаббат лирикасы да айтылып, әндері шырқалды.



«АСТАНА БАЛЕТ»: ЖАҢА МАУСЫМ ЖОСПАРЫ

«Астана Балет» театры басшылығының айтуынша, театрдың X мерейтойлық маусымы 9-қыркүйекте ашылмақшы.

Театр ұжымы алдағы маусымда да өнімді еңбек етуді жоспарлап отыр: Альберто Алонсоның «Кармен-сюита», Георгий Ковтунның «Қар патшайымы» спектакльдерінің премьерасы өткізілмекші. Сонымен бірге Алматы және Қазақстанның өзге де қалаларына гастрольдік сапарлар ұйымдастырылады. «Астана Балет» театрында дайындық жұмыстары басталып та кетті: спектакль бейнелерінің имидждік түсірілімдері үшін Дарьян Волкова арнайы шақырылды. Ол балет фотография-

сының хас шебері, балет және арт-фотографияның халықаралық сайыстарының жеңімпазы, еуропалық және ресейлік ірі театрлардың прима-балериналары және солистерімен жұмыс істейтін танымал фотосуретші. Оның суреттері АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Австрия, Гонконг, Италия, Швейцарияның жекеменшік жинақтары мен Орыс музейі мен Шереметьев сарайы, РосФото музей-көрме орталығының қорында сақтаулы.

Баян АСЫЛБЕКОВА



ДАЛА ӘУЕНІН ДӘРІШТЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасында Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстан Көркемсурет академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Кәмила Жапалованың «Дала әуені» жеке көрмесі өтіп жатыр. Көрме кітапхананың «Тәуелсіздіктің мәдени негізі» жобасы аясында ұйымдастырылды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

«Туындыларының ерекше техникасы мен қанық бояуымен көрермен көзін тартатын автордың алғашқы көрмесі дәл біздің кітапханада осыдан 12 жыл бұрын өткен еді. Сол себепті де Кәмила Жапаловамен қайта қауышуға біз ризамыз. Суретші шығармалары арқылы ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрлерімізді дәріптейді. Суретшінің шығармашылығында тарихи тұлғалар

мен қоғам қайраткерлерінің де орны ерекше. Көрмеде биыл 100 жылдық мерейтойы аталып жатқан Ұлы Отан соғысының батыры Хиуаз Доспанованың портреті де ұсынылған» дейді ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры Бақытжан Темірболат.

Кәсіби білімін Шымкент қаласындағы Ә. Қастеев атындағы көркемсурет училищесі мен

Санкт-Петербургтегі В. Мухина атындағы көркемсурет училищесінен алған Кәмила Жапалова «батык» техникасында түстер палитрасының кең ауқымын пайдаланады. Қазақ ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрлерін, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің галереясын ұсынған автор ретінде ол халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты атанған.

«Индонезия, Қытай, Жапония елдерінде кең тараған батык техникасының тарихы терең. Жібек матаға салынатын нәзік өнер түрі көптеген ғасырлар бойы адамнан ептілікті, ұқыптылық пен төзімділікті талап етіп келеді. Саланың барлық сатысынан өтіп, отандық көрерменнің көңілінен шығып жатқаныма өте ризамын. Тарихқа көз жүгіртсек, батык бағытының даму жолы әуелі жібек киімге салындан бастау алған. Бағасы алтынға тең келетін мұндай киімді ауқатты, беделді адамдар мен ақсүйектер ғана киген. Бұл өнерге сүйсініп, оны өз нақышымызға келтіре бастадым. Жаңаша жаңғырған өнердің бағытын Американың халықаралық көрмесінде паш еттім. Оған қызыққан қытайлардың өзі туындыларымның қай техникада орындалғанын түсінбей, сұрап жатты. Өнер арқылы ұлттық коддымызды, мәдениетімізді дәріптегім келген ниетім маған үлкен шабыт береді» дейді Кәмила Жапалова.

Бүгінде АҚШ, Қытай, Ресей, БАӘ, Германияда өткен көптеген халықаралық көрмелерге қатысып үлгерген ол шетелдік көрермендерге Ұлы даланың



сәндік-қолданбалы өнерін, оның ерекшелігін көрсетіп келеді. АҚШ-тағы ART-EXPO халықаралық көрмесі аясында ұлттық нақышымыз бар батыкерді ұсынған Кәмила New York Realism Fine Art суретшілер қоғамының мүшелері «Қазақ ұлттық стиліндегі батык өнерінің негізін қалаушы» атағы мен алтын медальмен марапаттаған. Кәмила Жапалованың шығармалары өзіндік сипат пен стильге

ие. Фольклорлық нақыш пен лирикалық абстракцияға толы оның жұмыстары қазақ халқының тарихын, тұрмысы мен мәдениеті суреттейді. Туындылар туған жерге деген махаббатпен сусындалған. Сондықтан да Кәмила Жапалованың шығармаларын өткенді, бүгінді және болашақты жырлаған даланың әуені деп атауға толық негіз бар. «Дала әуені» көрмесін 1-тамызға дейін тамашалауға болады.

#КЕРЕККЕҢЕС



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

2022 жылы елорданың 22 мыңға жуық тұрғынын жұмыспен қамту жоспарлануда. Елордалық халықты жұмыспен қамту орталығы қала тұрғындарына «Жастар практикасы», «Әлеуметтік жұмыс орындары», «Қоғамдық жұмыстар», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» және «Күміс жас» бағдарламаларының жүзеге асырылуы туралы еске салады.



АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕЛОРДАНЫҢ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНДА 4781 ЖҰМЫССЫЗ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 1185 ЖАСТАР ЕСЕПТЕ ТҮР. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ШАРАЛАРЫМЕН 4543 АДАМ ҚАМТЫЛДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕГІ 1757-СІ – ЖАСТАР.

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жастар практикасы бағдарламасы – оқу орнын бітірушілердің алған кәсібі (мамандығы) бойынша оқуды аяқтағаннан кейін 3 жыл ішінде бастапқы жұмыс тәжірибесін алу үшін бағытталған арнайы бағдарлама. Биыл осы жұмыс аясында мыңға жуық адамды жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда бағдарламаға білім беру ұйымдарының 231 түлегі қатысады, оның ішінде 187 адам жоғары оқу орындарын, 44 колледжді бітірген жастар бар.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін олардың жалақысын субсидиялай отырып, осындай жұмыс түрін құрады. Жұмыс уақытша, оның ұзақтығы 12 айдан аспайды.

2022 жылы 130 адамды жұмысқа орналастыру жоспарлануда.

АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС ОРНЫ

«Алғашқы жұмыс орны» жобасының қатысушылары 29 жастан аспаған, оның ішінде NEET санатына жататын, жұмыс тәжірибесі жоқ жастар болып табылады. Субсидия мөлшері айына 30 АЕК-ті құрайды.

Жобаға қатысу ұзақтығы –18 ай.

Ағымдағы жылы 179 адамды жұмысқа орналастыру жоспарлануда.

ЕКІ МЫҢ АДАМ ЖҰМЫЛДЫРЫЛДЫ

Елорда тұрғындарын жұмыспен қамтудың бұл түріне арналған қоғамдық жұмыстарды алдын ала кәсіби дайындықсыз жұмысқа орналастыруға болады. Жұмыс ұзақтығы 12 айдан аспайды.

Биыл қоғамдық жұмыстарға 2 мың адамды жіберу жоспарланған, оның ішінде жастар арасынан 1 мың адам.

Егер статистиканы соңғы 10 жыл ішінде қарайтын болсақ, мемлекеттің күшімен елордадағы жұмыссыздық деңгейі тұрақты түрде төмендеп келеді. Мысалы, 2013 жылы біздің қаламызда жұмыссыздық деңгейі 5,5%-ды, 2014 жылы 5,1%-ды, ал 2019 жылы 4,4%-ды құрады.

2022 жылы Жұмыспен қамту орталығы тұрақты жұмыс орындарына 7150 адамды, мемлекет субсидиялайтын уақытша жұмыс орындарына 3,5 мыңнан астам адамды жұмысқа орналастыруды жоспарлап отыр. 1900-ге жуық адам оқытудың түрлі формаларынан өтеді. Сонымен қатар, бизнес-идеяларды іске асыруға 350 мемлекеттік грант берілетін болады.

БИЫЛ ЕКІ ЖАҢА ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ:

«Ұрпақтар келісімшарты» – жинақталған тәжірибе мен дағдыларды зейнеткерлік жас алдындағы жұмыскерлерден жаңа қызметкерлерге беруге бағытталған бағдарлама.

2022 жылға жоспар 31 адамды құрайды. Төлем - 30 АЕК немесе 91 890 теңге.

«Күміс жас» – зейнеткерлік жас алдындағы (зейнеткерлікке шыққанға дейін екі жыл бұрын) адамдарды тұрақты жұмысқа орналастыруға арналған жаңа бағыт.

Ағымдағы жылға жоспар – 255 адам, субсидиялау жалақының 50% – ын құрайды, бірақ 25 АЕК-тен аспайды.

Халықты жұмыспен қамту орталығында құрылған бағдарламалардың тиімділігін қорытындылай келе, сандарға назар аударсақ, 2021 жылы қоғамдық жұмыстарға 2848 азамат, оның ішінде 452 адам аяқталғаннан кейін тұрақты жұмыс орнына орналастырылды.

Жастар тәжірибесі аясында 914 түлек жұмысқа орналастырылды, оның ішінде 284 елорда тұрғыны тұрақты жұмысқа тұрып, 185 жұмыссыз азамат әлеуметтік жұмыс орындарымен қамтылды, 24 адам тұрақты жұмыс орнына ие болды. «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы бойынша 91 адамға жұмыс ұсынылды. Орталық мамандарының айтуынша, мемлекеттік жобаларға жұмыс берушілердің өздері де үлкен қызығушылық танытып отыр.

Жастар практикасын ұйымдастыруға 436 жұмыс беруші қатысып, 1996 жұмыс орнын ұсынды. Жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға орналастыру үшін 2164 жұмыс орнына 324 жұмыс берушімен шарт жасалды.

Дайындаған
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

КӨҢІЛ АЙТУ



84 жасқа қараған шағында филолог, «Қазақ энциклопедиялық сөздігі» 4 томдығының авторы, ардақты ана, асыл әже, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің жары Мәрия Фабдуллина дүниеден өтті.

Мәрия Фабдуллина 1938 жылы 15 шілдеде Атырау облысы Индер ауданы Мәмбет ауылында дүниеге келді. 1955 жылы Киров атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1960 жылы тәмамдады.

Студент жылдары, жоғары оқу орны қабырғасында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, академик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мырзатай Жолдасбековпен танысты. Екеуі оқуларын бітіргенде отау құрып, алпыс жылдан астам тату-тәтті өмір сүрді. Екі қыз, үш немере, төрт шөбере сүйді.

Мәрия Фабдуллина көрнекті ғалымның шаңырағының ұйтқысы, ерінің қолдаушысы бола білді. Академиктің «Атанғаным Мырзатай ел арқасы» деген сөзі бар. Мырзатай ағаның өз шаңырағына алаңдаймын жоғары қызметтерді атқаруына, ел арасында абыройға кенелуіне жарының да үлкен үлесі бар.

Мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековке, Мәрия Қызатқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты мен аппараты Қазақстан Республикасының мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің қайтыс болуына байланысты ортақтасып, көңіл айтады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

12.09.2022 ж. Нұр-Сұлтан қаласы, Қараөткел ақша ауданы, Қазанат көшесі, 1/1 «Time» БО мекенжайы бойынша сағат 11.00-де «Нұр-Сұлтан қаласында ауыл шаруашылығы техникаларына сервистік қызмет көрсету орталығының құрылысы (инженерлік желілерді қоспағанда)» жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдау өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимінде өткізіледі.

Шақыру сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/8076626849?pwd=aHYuelBkbnJlM2lmV0tDdjlzZ3Fwdz09>

Жеке конференция нөмірі: 807 662 6849

Кіру коды: 8mfXh
Тапсырыс беруші: «AgriNet Development» ЖШС, БИН 210440016569, Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы, Мәлік Фабдуллин, нп.17, Тел.: +7 778 458 2722

Әзірлеушілер: «ОрдаПроект-Консалтинг» ЖШС, Қызылорда қ. Жақаев көшесі, 66/3, тел: 8777 783 0386

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ecoportal.kz/> және ЖАО веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/nur-sultan-upr/press/article/1?activities=31058&lang=ru>

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: ordaproekt2011@mail.ru, 8777 783 0386

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы, uoosip@astana.kz, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа даңғ., 13, 4-қабат, тел: 8(7172) 55-75-79.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (әрі қарай - Кәсіпорын) бос орынға орналасуға сұхбаттасу өтетінін жариялайды:

- Кәсіпорынның Жетісу облыстық филиалының директоры Талдықорған қ.;

Үміткерлер хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

1) қоса берілген құжаттардың тізбесімен бірге сұхбаттасуға қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландырушы құжаттың көшірмесі;

3) фотосымен бірге мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме (нақты тұратын мекен-жайлары мен байланыс телефондары көрсетілген);

4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың нотариалды расталған көшірмелері;

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама;

Аталған құжаттардың біреуі болмай қалған жағдайда, сұхбаттасуға қатысушының құжаттарын қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Үміткерлерге келесі біліктілік талаптары қойылады:

1) Мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: ветеринария (ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария);

2) Еңбек өтілі ветеринария саласында мамандығы бойынша басқару лауазымында 5 жылдан кем емес;

3) Зертханалық менеджментті, ветеринариялық заңнамасын білуі;

4) Компьютерде және өзге де оргтехникалармен жұмыс істей білуі;

5) Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі.

Құжаттарды қабылдау жұмыс күндері сағат 9:00-ден бастап 13:00-ге дейін және 14:00-ден бастап 18:00-ге дейін, Нұр-Сұлтан қ-сы, Республика даңғылы, 50/1, 1-қабат, 109 кабинет мекен-жайы бойынша қабылданады, байланыс телефоны, факс 8(7172) 91-61-24, 91-61-14, 91-61-13, эл.пошта: odo-rvl.ast@mail.ru.

БАСПАСӨЗ-2022



ГАЗЕТИНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

*ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ. СОНДАЙ-АҚ «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, *Нұрсаев-2» ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

Индекс 65617	Баспалық жазылу бағасы
Жеке жазылушылар үшін	1 айға 430 3 айға 1335 6 айға 2670

Индекс 65617	"Қалпочта" АҚ арқылы жазылу бағасы
Жеке жазылушылар үшін	1 айға 627,97 3 айға 1883,91 6 айға 3767,82

Индекс 15617	Баспалық жазылу бағасы
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға 500 3 айға 1500 6 айға 3000

Индекс 15617	"Қалпочта" АҚ арқылы жазылу бағасы
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға 887,97 3 айға 2663,91 6 айға 5327,82

Индекс 65617	«Астана Пресс» ЖШС
Жеке жазылушылар үшін	1 айға 579 3 айға 1737 6 айға 3474

Индекс 65617	«Express Press Astana» ЖШС
Жеке жазылушылар үшін	1 айға 620 3 айға 1860 6 айға 3720

Индекс 15617	«Express Press Astana» ЖШС
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға 880 3 айға 2640 6 айға 5280

www.astana-akshamy.kz

va-reklama@mail.ru

РЕДАКЦИЯ: 8 (7172) 42-43-52

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ

12 | ОҚЫРМАННАН ОН СҰРАҚ

№88 (4366) 28/07/2022 Бейсенбі

Орақ Жабаев, мұғалім-зейнеткер, Нұр-Сұлтан қаласы:

Мерей, інім, былғары қолғабыңды «шегеге» ілгелі біраз уақыт болыпты, қазір қайда жүрсіз? Қайда қызмет істейсіз?

– Саламатсыз ба?! Боксты қойғаным сегіз жылдай болды. Бірақ, бокстан алыстап кеткен жоқпын. Биыл ақпан айында Спорт және дене шынықтыру комитетінің ұйғарымымен бокс бойынша Қазақстанның мемлекеттік жаттықтырушысы болып тағайындалдым.

Фарида Каримова, Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны:

Туған еліңіз қай жер, боксты қалай бастадыңыз? Қазір қайда тұрасыз? Отбасыңыз бар ма, болса, қанша балаңыз бар?

– Менің туған жерім - Шығыс Қазақстан облысындағы Аякөз ауданындағы Мыңбұлақ ауылы. 1999 жылы Семейге көштік. Осы қаладағы №21-мектепте бокс үйірмесіне бардым. Былғары қолғапты алғашқы кигізген бапкерім - Құрман Қалиев. Содан бастап 2014 жылға дейін шаршы алаңнан түскен жоқпын ғой... Он екі жасымда, яғни, 2001 жылы Астанада ашылған Қ. Мұңайтпасов атындағы спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатына оқуға қабылдандым. Содан бері осы елордада тұрамын. Отбасым бар, қызым, үш ұлым бар.

Берік Қабденұлы, кәсіпкер, спорт жанкүйері, Нұр-Сұлтан қаласы:

2013 жылғы әлем біріншілігінде чемпион болған сәттіңізді көргенмін. Сол кезде біздің елдің спорт мамандары сізді чемпион болады деп ойламаған сияқты. Мамандар бірінші кезекте Елеусінов пен Дычкоға үміт артты емес пе?! Алайда, сіз керемет бокс көрсеттіңіз. Сол сәтте қандай көңіл-күй кештіңіз?

– 2013 жылғы Әлем чемпионатында жеңіске жеткен сәтімді сөзбен айтып жеткізе алмайтын сияқтымын. Кәсіби спортшы үшін, тіптен спортпен айналысатын әрбір баланың да арманы әлем чемпионы болу шығар деп ойлаймын. Шын мәнінде өзім сол жылы,

«Оқырманнан он сұрақ» айдарының бүгінгі қонағы – «Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері», бокстан әлем чемпионы, Азия біріншілігінің жеңімпазы, еліміздің бірнеше дүркін чемпионы Мерей Ақшалов.

дәл чемпионат болатын кезде ерекше бір бабымда болғанымды сезіндім. Әрине, алтын медаль аламын деген нық сенім болмағаны анық. Алайда, «бақ шаба ма, бап шаба ма» дегендей, дәл осы тұста Алла тағала менің бабым мен бағымды келістіріп жібергендей. Осы чемпионатта Қазақстан құрамасы тарихи көрсеткішке қол жеткізді ғой, менің командалас достарым Біржан Жақып, Данияр Елеусінов, Жәнібек Әлімханұлы әлем чемпиондары атанды. Бұл бір қазақ боксының жұлдызы жанған сәті болды ғой. Осындай жетістікке

ҚАЗАҚТЫҢ МЕРЕЙІ

жетелеген жеке бапкерім Жанат Манашев, ұлттық құрамада жүргенде сенім артқан Мырзағали Айтжанов, мемлекеттік жаттықтырушы бола жүріп қолдау білдірген Болат Абдрахманов секілді ағаларға және басқа да бапкер-мамандарға ризашылығым шексіз екенін айтқым келеді.

Сембек Қабиев, бокс жанкүйері, Нұр-Сұлтан қаласы:

Бір жылдары Азияның ең үздік боксшысы болғаныңызды білеміз, құрлықтағы бокстың қазіргі жайы туралы не айтасыз?

– Бүгінгі таңда Азия құрлығында бокс өте қарқынды дамып отыр. Өйткені, қазір бірқатар Азия елдерінде әлемдік деңгейде мықты саналатын кубалық, еуропалық, америкалық бапкерлер мен кеңесшілер қызмет істейді. Сондықтан, қазір құрлықтағы бокста бәсекелестік өте жоғары болып



тұр. Дегенмен, біз Азиядағы үздік құрама деген атағымызды ұстап тұру үшін еңбектенеміз. Құдайға шүкір, жап-жақсы жастарымыз өсіп келеді.

Фабдолла Рахимов, спорт жанкүйері, запастағы подполковник:

Ініңіз Мейірім Нұрсұлтанов әуесқой бокстан тым ерте кетіп қалды деп ойламайсыз ба? Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарында біраз жерге баратын қабілеті бар еді...

– Мейірім інімнің әуесқой бокста біраз жетістікке жететін мүмкіндігі бар еді, Қазақстанның чемпионы да болды. Алайда, 2016 жылғы Олимпиада қарсаңында ұлттық құраманың сапына қабылданбай қалды, содан өзі кәсіпқой боксқа ауысамын деген қалауын айтты. Мен қарсылық білдірмедім. Өйткені, кәсіпқой бокс деген оңай емес, жас кезіңнен кіріспесең, биікке көтерілу қиын болады. Сондықтан Мейірімнің шешімін қолдадым. Қазір біртіндеп өзінің мақсатына жетіп келеді. Осыған дейін өткізген жекпе-жектерінің бәрінде жеңіске жетті. Америкалық промуотерлік компаниямен шарты бар.

Жақсылық Әбдірахманов, жеке кәсіпкер, бокс жанкүйері: Көптен бері бокс жарысын көрмей кетіп едік, жақында Нұр-Сұлтанда өткен «Елорда кубогы» турнирінде керемет

жекпе-жектер көріп, бір жасап қалдық. Қазақстан Ұлттық құрамасының боксшылары тамаша өнер көрсетті. Мемлекеттік жаттықтырушы ретінде осы жарыстағы көрсеткішке көңіліңіз толды ма?

– Иә, осы жақында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен алғашқы «ELORDA KUBOGY» өтті. Өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Куба, Өзбекстан, Жапония, Моңғолия, Үндістан және басқа мықты құрамалар жиналды. Бірнеше Олимпиада ойындарының жүлдегерлері мен әлем чемпиондары өнер көрсетті. Біз Қазақстан атынан үш құрам қостық. Ұлттық құраманың бас жаттықтырушысы Қайрат Сатжанов соңғы әлем чемпионаты және құрлық жарыстарында топ жарған боксшыларды түгелдей жарысқа шығарды. Сонымен қатар жастарды да сынап көрдік. Өзіңіз көргендей, қазақ боксшылары жақсы нәтижеге қол жеткізді. Шынымен де осы жарыс арқылы жігіттеріміздің қарым-қайратын бір біліп алдық.

Арсен Сәлімұлы, Алматы қаласы:

Сіз қандай оқу орнында білім алдыңыз? Алған біліміңіз қазіргі қызметіңізге қаншалықты пайдалы болды деп ойлайсыз?

– Қажымұқан атындағы мектеп-интернатты үздік бітірдім.

Содан кейін үш жоғары оқу орнында оқыдым. Алдымен экономист мамандығын, одан кейін құқықтанушы мамандығы бойынша диплом алдым, ал үшінші мамандығымды спорт академиясында игердім.

Айнагүл Әбілова, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы: Сіздің боксты ерте қойып кеткеніңіз жарақатыңызға байланысты болғанын естігенбіз. Қазір денсаулығыңыз қалай? Ауырмай жүруіңізге тілектеспін.

– Иә, боксты ерте қойып кетуіме жарақатым себеп болды. Бір кездері жұдырықтасудың салдарынан көзім ауыратын болды. Содан бапкерлерімнің талап етуімен тексерістен өтіп, мамандардың қарауында болдым. Бірақ, дәрігерлердің шешімі – боксты доғару болды. Сондықтан денсаулығымды сақтау үшін шаршы алаңнан қоштастым. Қазір де емделіп жүрмін. Пейіліңізге рақмет айтамын!

Болатбек Балжанов, ардагер-мұғалім, Талапкер ауылы:

Мерей, шырағым, сенің жанкүйерің болып едім. Шаршы алаңда шегінбей айқасатын қайсарлығыңа, әдемі техникаңа қызығып қарайтын едім. Білгеніңді балаларға, жастарға үйретуге, жақсы бапкер болуға ниетің жоқ па?

– Рақмет сізге! Қолдан келгенше бокста өз өнерімді көрсеттім. Дәл қазір жеке бапкер болу ойымда жоқ. Бірақ, есіп келе жатқан үш ұлым бар, солардың бірі боксқа барып жатса, мүмкін солардың мақсаты үшін бапкер болып та кетуім мүмкін ғой. Оны уақыт көрсетеді.

Жақсылық Әбдіғалиев, Қызылорда қаласы:

Бокстан, спорттан басқа нені ұнатасыз, басқа қандай ермегіңіз бар?

– Қазір бос уақытымды балашағаммен, отбасында өткізуге тырысамын. Ал, басқа ермегім деп айтсам, «ауру қалса да, әдет қалмайды» дегендей бір мезгіл достарыммен бірге жаттығу залына, доп ойнауға, спорттық шараларға барғанды ұнатамын. Уақытым болса, кітап оқитыным бар.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ



Елордада 14-тамыз күні триатлоннан BI GROUP IRONMAN KAZAKHSTAN және BI GROUP IRONMAN 70.3 ASTANA ірі халықаралық турнирі өтеді.

Іс-шара BI-Group холдингінің, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің және Қазақстан Триатлон федерациясының қолдауымен өтеді.

Жарысқа әлемнің 77 елінен 2 200 триатлет қатысады, бұл атлеттердің Қазақстанға деген жоғары ықыласын білдіреді. Бұл пандемияға байланысты екі жылдық үзілістен кейін қайта жанданатын жарыс болғалы тұр. Ұйымдастырушылар Ұлыбритания, Үндістан, Германия және Ресей елдерінен триатлеттер қатысатынын айтады.

Әрбір жарыс үзіліссіз өткізілетін үш кезеңнен тұрады: жүзу – 3,86 км, велосипедпен кіру – 180,25 км және марафондық жүгіру – 42,195 км. Ironman 70.3 сериялық сайысы екі есе қысқартылған қашықтықта келесі сайыстарды қарастырады: жүзу – 1,9 км, велосипед жарысы – 90 км және жүгіру – 21,1 км.

IRONMAN старты жыл бойы жер шарының түрлі аймақтарында өтеді.



Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында 4-7 тамыз күндері дзюдодан ерлер мен әйелдер арасындағы Азия чемпионаты өтеді. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты Қазақстан дзюдо федерациясының баспасөз қызметіне сілтеме жасап хабарлайды.

Төрт күнге жалғасатын құрлықтық долада татами шеберлері жекелей және аралас-командалық жарыс бойынша өзара мықтыны анықтайды. Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) күнтізбесіне сәйкес өткізілетін жарысқа Азияның 30 елінен 400-ге жуық дзюдошы қатысады деп жоспарлануда.

IJF ережесі бойынша, Азия чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне Олимпиадалық рейтингте ұпай сандары қосылады. Атап айтқанда,

жеңімпаз 700 ұпайды еншілесе, 2 орын иегері 490, ал 3 орынға 350 ұпайдан үлестіріледі.

«Қазақстан дзюдодан әлемдік бәсекелерді өткізу бойынша мол тәжірибеге ие. Енді міне, биыл Азия чемпионатын өткізу құқығына ие болдық. Бұл тек спортшыларымыз үшін емес, елімізде дзюдо күресін дамытуға, жанкүйерлер үшін тамаша жаңалық болмақ» деді Қазақстан дзюдо федерациясы президентінің міндетін атқарушы Асхат Жіткеев.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба нелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – Төлән ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №88

Баспаханасы: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ